



Арнайы мектеп ашылады



2-бет

Қарағанды – IT-инновация орталығы



3-бет

Әлемдік додада дара шықты



8-бет

• ӨЗЕКТІ

Энергетикадағы ерен өзгерістер

Қарағанды облысында электр желілерін кешенді жаңғырту бағдарламасын іске асыру жана қарқынмен жалғасуда. Бұл стратегиялық маңызды жоба өңірдің энергетикалық инфрақұрылымын түбегейлі жаңартуға бағытталды. Байыпты бағдарлама аясында тозығы жеткен электр беру желілері мен трансформаторлық қосалқы станциялар кезек-кезеңімен қайта салынып, заманауи стандарттарға сай жаңартылуға бет алды. Сонымен қатар, жаңа энергетикалық нысандардың құрылысы да қолға алынған. Энергетика саласындағы атаулы ауқымды өзгерістер тұрғындар мен кәсіпорындарды электр қуатымен сенімді әрі үздіксіз қамтамасыз етуге мол мүмкіндік ұсынады. Қазіргі заманғы технологияларды енгізу арқылы энергия тиімділігі артып, апаттық жағдайлар кемиді. Жиынтықтайық.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңғырту арқылы жарқын болашаққа

Мамандардың айтуынша, электр желілерінің тозуы соңғы жылдары өңірдегі негізгі мәселелердің бірі болып келген. Осыған орай, қолға алынған жаңғырту жұмыстары облыстың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, жаңа өндірістік жобаларды іске асыруға да даңғыл жол ашады. Өйткені, тұрақты әрі сапалы электрмен жабдықтау – инвестициялық тартымдылықтың негізгі көрсеткіштерінен. Жойқын жоба аймақ тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартуға, сондай-ақ, өңір экономикасын тұрақты дамытуға сүбелі үлесін қосады. Электр энергетикасы – өнеркәсіп пен әлеуметтік инфрақұрылымның тірегі,



Коллажда жасаған Аруйлым Қожыева

сондықтан, сантарапты саладағы жүйелі өзгерістер қазыналы Қарағандының болашақ дамуы үшін аса маңызды.

– Қарағанды облысында электр желілері жаңғыртылуда. Атап айтсақ, Финский және Екінші рудник кенттері енді ақжалын жарықпен тұрақты негізде қамтылады. Мәселен, 2024-2025 жылдарға арналған электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен сапасын арттыру бағдарламасы аясында облыс орталығының құрамына кіретін Финский және Екінші рудник кенттерінде электр желілерін кешенді

түрде қайта салу жұмыстары басталды. Жүйелі жұмыстар ескірген 0,4-6 кВ кернеудегі электр желілерін қазіргі заман талаптарына сай жаңарту әрі тұрғындарды тұрақты, сапалы энергиямен қамтуды көздейді. Атап айтқанда, «Пришастинская» қосалқы станциясының №12 фидеріндегі 6 кВ кернеулі ауа желілері жаңартылуда. Жоба аясында ескі сым желілері толықтай ауыстырылады. Оқшауланбаған сымдар орнына заманауи, қауіпсіздігі жоғары «СИП-3» маркалы оқшауланған сымдар жалғанады. Байсалды бағыттағы желі

ұзындығы – 9,58 шақырым. Сонымен қатар, 0,4 кВ сымды ауа желілері де толық жаңартылуда. Мысалы, бұрыннан пайдаланып жүргені ауыстырылып, желілердің жүктемесі қайта есептеліп, оңтайландырылады. Оқшауланбаған сымдар орнына қазіргі заманғы «СИП-5» маркалы оқшауланған сымдар тартылуда. Аталған желілердің жалпы ұзындығы – 29,2 шақырым, – деп хабарлады «Қарағанды Жарық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің техникалық директоры Константин Конради.

► 5-бет

• ЖОБА

Ваучер балаға беріледі

Бұдан былай ваучер енді ұйымға емес, балаға бекітіледі. Бұл спорт, шығармашылық және білім беру бағыттары арасында еркін ауысуға мүмкіндік береді. Яғни, қаржыландыру сақталады, ал, қайтадан кезекке тұру талап етілмейді. Бұл орайда Қазақстанда 1 маусымнан бастап спорт, өнер және қосымша білім беру бағыттары бойынша бірыңғай ваучер жүйесінің пилоттық жобасы іске қосылған.

Жобаның маңызды жаңалықтарының бірі – әділеттілікті қамтамасыз ететін бірыңғай кезектің енгізілуі. Енді балалар 12 санат бойынша кезекке қойылады. Олардың қатарында әлеуметтік осал топтағы және ерекше білім беру қажеттіліктегі балалар да бар.

Қызмет ақысын мемлекет тек нақты көрсетілген сабақ үшін төлейді. Сабаққа қатысу цифрлық жүйе арқылы тіркеліп, ата-ана төлемді тікелей таңдаған үйірмеге жібереді. Егер үйірме балаға ұнамаса, ата-ана ваучерлік кезегін жоғалтпастан ешқандай құжатты қайта тапсырмай-ақ басқа ұйымды таңдай алады. Бұл жүйенің икемділігін арттырып, баланың мүддесі мен қажеттілігін ескеруге жол ашады.

Пилоттық жоба Астана, Шымкент, Қарағанды, Қызылорда, Атырау және Ақтөбе қалаларында өтеді. Аталған жүйе мемлекеттік және жекеменшік спорттық секцияларды, шығармашылық үйірмелер мен қосымша білім беру курстарын бірыңғай цифрлық платформаға біріктіреді.

Өз тілшімізден

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Мектепте тіс емдейді

Теміртаудағы №10 жалпы білім беретін мектепте стоматологиялық кабинет ашылды. Ол тікелей оқу орнында ауыз қуысын күту бойынша тұрақты тексерулер мен оқыту сабақтарын өткізуге мүмкіндік береді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кабинет білім беру жүйесінде стоматологиялық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған «Болашақ – сау тіспен» бағдарламасы аясында ашылды. Ол балаларға алғашқы стоматологиялық көмек көрсетуге және алдын алуға арналған заманауи жабдықтармен жабдықталған.

Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметінің ақпараты бойынша «Болашақ – сау тіспен» бағдарламасы аясында 1000-нан астам адам оқитын мектептерде стоматологиялық, алдын алу кабинеттерін ашу көзделген. Дантистер мен тіс гигиенасы мамандары жұмыс істейді. Бұл бастама балаларда стоматологиялық аурулардың көбеюіне байланысты, алдын алу қажеттілігінен туындап отыр.

• ТАЛАПКЕР – 2025

Борышын өтегендерге грант бұйырды

Облыстың мерзімді әскери қызметін өткерген жүз отыз тұрғыны еліміздің жоғары оқу орындарында тегін оқуға мүмкіндік алды. Оларға білім гранттары табысталды. Қазақстанда конкурстық іріктеуге барлығы 17 500 әскери қызметші қатысты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жауынгерлік даярлықта, қызметтік міндеттерін орындау кезінде жоғары нәтижелер және қызмет атқару кезінде үздік тәртіп көрсеткендер тегін жоғары білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Оқуға түсуге гранттарды Халықаралық инженерлік-технологиялық университет, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Ә.Сағынов атындағы техникалық университет, Е.Бөкетов атындағы университет, Индустриялық университет, Ұлттық ұлан академиясы, Т.Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің әскери институты, С.Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің әскери институты, Қазақ спорт және туризм академиясы, Astana IT University және еліміздің басқа да жоғары оқу орындары ұсынды.

Болашақ студенттер бүгінгі таңда сұранысқа ие мамандықтар – азықтүлік өндірісі, туризм саласындағы менеджмент, металл өңдеу, ақпараттық технологиялар, пайдалы қазбаларды өндіру, сондай-ақ, түрлі әскери мамандықтар алуға ниетті.

Мысалы, Осакаров ауданында әскери қызметте



болған алты жас азаматқа білім грантын алуға сертификаттар табыс етілді.

– Бағдарлама жастарды әскерде қызмет етуге, өздерінің әскери борыштарын лайықты атқаруға және өмірде өздерін табуға ынталандыруы тиіс, – деп атап өтті Осакаров ауданы әкімінің орынбасары Динара Көшкенова.

Сертификаттар екі жылға жарамды. Осы уақыт аралығында талапкерлер жоғары оқу орнына құ-

жат тапсыру қажет.

Осакаров ауданының тұрғыны Николай Корж Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде оқуды жоспарлап отыр. Ол «Механик және металл өңдеу» мамандығын таңдады.

– Тегін жоғары білім алуға жолдама алғаным мен үшін үлкен мүмкіндік. Кәсіпқой болу үшін жақсы оқуға тырысамын, – деді Николай Корж.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Арнайы мектеп ашылады

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мүмкіндігі шектеулі және ақыл-есі бұзылған балалардың ата-аналарымен кезекті онлайн кездесу өткізді. Тұрақты ашық диалог мәселелерді анық айтып, шешу жолдарын бірлесіп табуға мүмкіндік берді. Күн тәртібінде – білім алу, медициналық көмек, мәдени демалыс пен спорт, жұмысқа орналасу мәселесі талқыланды.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін айтылған тапсырмалардың орындалуы жөнінде облыстық басқармалардың басшылары, қалалар мен аудандардың әкімдері есеп берді. Ақыл-есі бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп ашу мәселесі шешімін тапты.

– Дайындық жұмыстары – қарларды іріктеу, ата-аналармен байланыс, сыныптарды жинақтау жүргізілуде. Келер жылы Қарағанды қаласы білім бөлімінің №4 мектеп-интернаты базасында мемлекеттік және орыс тілдерінде ақыл-ойы бұзылған балаларға арналған екі нөлдік және екі бірінші

сыныптардан төрт сынып ашылады.

Сонымен қатар, Telegram арнасы жұмыс істейді. Онда инклюзивті және арнайы білім туралы ақпарат алуға болады, – деп хабарлады білім басқармасы басшысының орынбасары Мейіржан Сыздықов.

Колледждерде де ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін жағдай жасалуда. Биыл бұл санатқа жататын 117 түлек бар. Олардың жұмыспен қамтылуы күн тәртібіне қойылған.

Биыл Жоғары гуманитарлық колледж базасында да ерекше балаларға арналған жазғы лагерь құрылды. Ол өзінің тиімділігін көрсеткендіктен, ата-аналар мұн-

дай лагерьлердің көбірек болуын сұрайды.

Теміртауда ата-аналардың өтініші бойынша аутизмге шалдыққан балаларға қолдау көрсету орталығын ашу жоспарланған. Бүгінде жөндеуді қажет ететін үй-жай табылды.

Аймақта ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын дамыту бойынша да жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, Қарағанды, Шахтинск және Балқаш қалаларында балалар мен жасөспірімдерге дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ, бес асық және асық ату секциялары ашылады.

Биыл Қарағандыда аутизм және психикалық бұзылулары бар



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

балаларға және 18 жастан асқан балаларға арналған екі күндізгі орталық ашу көзделіп отыр. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі жастарды әлеуметтік бейімдеуге бағытталған жоба әзірленді. Оған ата-аналармен жұмыс, жаттықтырушылар даярлау кіреді.

Кездесуде ата-аналар қолжетімді орта, денсаулық сақтау, иппотерапияны дамыту, бейімделген жүзу, инклюзивті хореографияға қатысты мәселелерді көтерді. «Үміт» оңалту орталығының жабдықтарын жаңарту қажеттігі туралы қоғам қайраткері Нияз Сүндеталиев айтып өтті.

Сонымен бірге, мүгедек баланы бір ғана ата-ана тәрбиелеп отырған жағдайға қатысты мәселе көтерілді. Ата-ана ауырған жағдайда баланы ешкімге қалдыра алмайды. Осындайда көмек сұрауға қандай да бір орталық, пансионат керек екені де айтылды.

Ермағанбет Бөлекпаев мәселенің маңызды, өзекті екендігін назарға алды. Мүмкіндіктерді пысықтауды тапсырды.

Аймақ басшысы қамқорлығы үшін ата-аналарға алғыс айтты. Ол қала және аудан әкімдерін ерекше балалардың ата-аналарымен тұрақты байланыста болуға шақырды.

– Барлық сұрақтар орынды. Әрине, олардың арасында қаржы мен уақытты, белгілі бір есептеулерді және бастысы – мүмкіндіктерді талап ететіндер бар. Бәрін мұқият пысықтаймыз, әрбір сұрақты жеке қарастырамыз. Үнемі кездесіп, барлық мәселелерді бірлесіп шешетін боламыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• АГРОКЕШЕН

Суармалы алқап ұлғаяды

Аймақта суармалы алқаптарды ұлғайту күрт өсті. Биыл өңір аграршылары жүзден астам жаңбырлату машинасын орнатады. Бұл жүйе өсімдік өсірушілерге тиімді, өйткені, осылайша суарудың арқасында ауа райына қарамастан, түсім неғұрлым жоғары болады. Суармалы егіншілікті дамытуда мемлекет шығындардың жартысын өтей отырып, фермерлерге қолдау көрсетеді. Осы орайда өңірде Суармалы жерлерді қалпына келтіру бойынша жол картасы іске асырылуда.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Биыл жоспар бойынша суармалы жерлердің аумағы 8,7 мың гектарға ұлғаяды тиіс. Алайда, одан да ауқымдырақ етуге мүмкіндік бар. Суару кезінде өсімдік шаруашылығындағы өнімділік дақылға байланысты 4-тен 15 есеге дейін өседі. Қауіпті егін шаруашылығы аймағында бұл маңызды. Жаңбырлату машиналары қымбат, оған қоса инфрақұрылым тарту да біршама қаражатты қажет етеді. Десек те, өнімділіктің артуын ескерсек, ол шығындар өзін-өзі ақтайды. Мемлекеттің қолдауы аясында жеңілдетілген несиелер және суару жүйелеріне жұмсалатын шығындардың 50% өтеу қарастырылған, – дейді ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Әнуар Төлібеков.

Оның айтуынша, автоматтандырылған әрі басқарылатын заманауи жабдықтар, ылғал сақтау технологиясы сатып алынады.

Суармалы егіншілік көп жерлерде қалпына келтіріледі. Қарқаралы ауданында Жарлы өзенінің жанында суармалы алқаптар болады. Жобаны «Атамекен» шаруа қожалығы іске асыруда. Қазірдің өзінде екі жаңбырлату машинасы сатып алынды. Шаруа қожалығы мал шаруашылығымен айналысады. Алдағы уақытта 400 басқа арналған сүт-тауар фермасын жоспарлауда. Өз қажеттіліктері үшін жемшөп дақылдарын өсіреді.

Егер бұрындары жаңбырлату машиналарын тек қартоп егістіктеріне ғана орнатса, қазіргі таңда суару жемшөп, май және дәнді дақылдарды өсіру үшін де пайдаланылады.

Суару саласындағы ірі жобалардың бірін Осакаров ауданының Родников ауылдық округіндегі Eurasia Invest компаниясы жүзеге асыруда. Кәсіпорын 6 000 басқа арналған сүт-тауар фермасын салуда. Жемшөп базасы меншікті болады. Суармалы жердің ауданы 10 мың гектарға дейін ұлғаяды.

Абай ауданының ауыл шаруашылығы кәсіпорнының басшысы өз тәжірибесімен бөлісті.

– Бізге екі жыл, енді ғана дами бастадық. Қарағандының ауылдық округтеріндегі 300 гектардан астам алқапқа арпа егілді. Әрине, барлық мақсатымыз осы алқапты суаруға бағытталды. Мұрағаттарды зерттеп, мамандарды шақырдық. Жерасты көздері жоқ. Бірақ, іргемізде Шерубай-Нұра өзені ағып жатыр, су жетуі тиіс. Биыл үш жаңбырлату машинасын сатып алып, орнату-дамыз. Тағы үшеуін сатып алу жоспарда. Болашақта барлық алқапты толық суару көзделген. Қартоп, көкөніс өсіруге тырысамыз және міндетті түрде ауыспалы егіске көпжылдық шөптер – жоңышқа, түйіршік өсіреміз. АӨК дамытуға мемлекеттік тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау зор. Бұл ұзақ мерзімді бағдарламалар құруға мүмкіндік береді, – деді «Достық KAZ» ЖШС басшысы Василий Волошин.

Нұра ауданында да суармалы ауыл шаруашылығы алқаптары ұлғаяды. Бірнеше шаруашылықта қазіргі заманғы суару жүйелері орнатылады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Тегін заңгерлік қызмет

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті ItByDesign компаниясы IT-мамандарының командасымен бірлесіп, LegalExpert.kz атты еліміздегі алғашқы тегін заңгерлік онлайн-сервисті іске қосты. Жасанды интеллект базасындағы жүйе құқықтық мәселелерді уақытында шешуге көмектеседі.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, онлайн-сервис жұмыс берушімен болған әдеттегі мәселелерден бастап, азаматтық, әкімшілік немесе қылмыстық құқық саласындағы неғұрлым күрделі жағдайларға дейін шешеді.

Мамандардың сөзіне сүйен-

сек, LegalExpert.kz-те жұмыс істеу оңай. Пайдаланушы сайтқа кіріп, электрондық пошта арқылы тіркеліп, өз сұрағын еркін түрде қояды. Жасанды интеллект сұрақты талдайды, қажет болған жағдайда нақтылау сұрақтарын қояды және екі минуттың ішінде қадамдық нұсқаулықты, заңдарға сілтемелерді, сот шешімдерінің мысалдарын

және тіпті, іс нәтижелерінің болжамын береді. Сервис қазақ және орыс тілдерінде жұмыс істейді, ал, мәтіндер пайдаланушының құқықтық сауаттылығы деңгейіне бейімделген.

– LegalExpert.kz, әрине, толыққанды заң көмегін алмастырмайды, бірақ, бүкіл ел бойынша заңгерлерге күн сайын келіп түсетін жиі кездесетін сауалдарға жауап береді. Заңгерлерге жүгірудің 70%-дан астамы – жалақы төлеу, ажырасу, алимент, жұмыс берушілермен және мемлекеттік органдармен дауға қатысты. Біз 100 мыңнан астам сот шешімін талдадық. Мұндай жағдайларда тегін, жылдам көмектесетін жүйе құр-



дык. Енді әрбір қазақстандықтың смартфонда қолжетімді заңды көмекшісі бар, – дейді жоба авторларының бірі, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің профессоры Лариса Құсайынова.

LegalExpert.kz заңдарды түсінікті тілге аударып қана қоймай, сотта осындай істердің қалай жүргізілгенін, қандай құжаттар қажеттігін, қандай тәуекелдер туындауы мүмкін екенін де айта алады.

Сервис Қарағанды облысында пилоттық режимде іске қосылды. Дегенмен, барлық қазақстандықтардың қолдануына кең мүмкіндік жасалған. Ол үшін LegalExpert.kz ашық сайтына тіркелсе, жеткілікті.

• ӘЛЕУМЕТ

Ботақараға – базарлық

Ботақара ауылында алғаш рет мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында балабақша ашылды. 2010 жылы салынған ғимаратта орналасқан мектепке дейінгі мекеме 55 балаға арналған. Бұған дейін ауылда толыққанды балабақша болмаған.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұнда бүгінде бөбекжай және мектепке дейінгі даарлықтан тұра-

тын екі топ жұмыс істейді. Ересек топтағы балалар бірден мектепке дайындалса, балабақшаны аяқтағандар алты жасында бірінші сыныпқа бара алады.

– «Аяла» балабақшасы таңғы

сағат 8-ден кешкі 18:00-ге дейін жұмыс істейді. Бұл жұмыстағы ата-аналар үшін ыңғайлы. Бірақ, біз үшін ең бастысы – баланың жан-жақты дамуы. Балаларға мұнда қызықты әрі жайлы болуын қа-

дағалаймыз. Олар сөйлеуді, ойлауды, достасуды үйреніп, мектепке сенімді әрі дайын барады, – дейді балабақша директоры Эльмира Маусенова.

Балабақшада балалардың толыққанды дамуы мен күтіміне қажетті жағдай жасалған. Тәрбиешілер, логопед, психолог, қазақ тілі пәнінің мұғалімі және медицина қызметкері жұмыс істейді.

Атап айтсақ, ойын бөлмелері, оқу сыныбы, асхана, ұйықтайтын бөлмелер, киім шешетін орын, медицина кабинеті мен бала науқастанған жағдайда оқшаулайтын бөлме бар. Мекеме заманауи техникамен жабдықталған және интернет желісіне қосылған.

– Балабақшаның ашылуы біз үшін әрі балалар үшін үлкен қуаныш. Қызым осы балабақшаға барады. Бұрын ол уақытын үйде өткізетін, ал, қазір дамуға мүмкіндік алды. Ауыл тұрғындарының атынан балабақшаны ашқан азаматтарға алғыс білдіремін, – дейді Ботақара ауылының тұрғыны Ақан Құмай.

Сурет ашық дереккөзден

Ауылға асфальт жеткізеді

Бұқар жырау ауданында аудандық және кентішілік маңызы бар автожолдарды жөндеу жұмыстары жалғасуда. Биыл 50 шақырымға жуық жол жабынын ретке келтіру жоспарланған.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Биыл ауданда 48,6 шақырым автожолды жаңартып жатырмыз. Бұл – кентішілік учаскелер мен ауылдарға кіреберіс жолдар. Қалған жолдар кезең-кезеңімен жөнделеді, – деді Бұқар жырау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі бөлімінің басшысы Бақтияр Жаңбырбаев.

«Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы бойынша ағымдағы жылы сегіз елдімекенде 40,7 шақырым елдімекен ішіндегі жолдар орташа жөнделіп жатыр. Көкпекті, Атамекен, Ақбел, Ақтөбе, Петровка, Жаңаталап, Центральный және Жаңаөзен ауылдарында жұмыстар басталды. Аудандық жолдарды жөндеу де межеленді.



Жаңарту Төрткөл, Ақжар ауылдарын және Үштөбе ауылындағы өнеркәсіптік аймаққа кіреберіс учаскелерді қамтиды. Төрткөл мен Үштөбеге баратын жолдардағы жұмыстар аяқталу сатысында. Ғабиден Мұстафин атындағы ауылдағы жайлы мектепке кіреберіс жолдың жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Құрылыс және жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін жол жабынының сапасына зертханалық сынақтар жүргізіледі. Ол үшін мамандар асфальт үлгілерін алып, стандарттарға сәйкестігін тексереді.

• ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

Қарағанды – ІТ-инновация орталығы

Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Серік Өтешов аймақтағы цифрлық даму, ІТ-жобаларды қолдау және мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бағыттарындағы жұмыстармен танысты. Сапар барысында депутат бірқатар маңызды кездесу өткізді.

Сапардың басты мақсаты – «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасын аймақта іске асыру барысын бағалау, ІТ-саланы дамыту мәселелерін талқылау және цифрлық мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігіне көз жеткізу болды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Цифрлық даму драйвері

Сенатор Серік Өтешов ең алдымен Қарағанды қаласының орталығында орналасқан, өңірдің басты цифрлық хабы саналатын – Terricon Valley орталығына ат басын тіреді. Аталған хаб 2021 жылдың сәуірінде құрылып, үш жыл ішінде Қарағанды облысының технологиялық экосүйесін дамытудың іргелі алаңына айналып отырғанын атап өткен жөн.

Terricon Valley – бұл ІТ-компаниялар мен стартаптар шоғырланған кеңістік ғана емес, сонымен қатар, инновациялық идеялардың жүзеге асуына жол ашатын ауқымды платформа. Мұнда акселерация, инкубация, білім беру, комьюнити-дамыту және инвестиция тарту процестері бір жерде шоғырланған.

Хаб директоры Сабыр Ниязов сенаторға өңірлік экосүйенің қазіргі жағдайы және даму жоспарлары туралы кеңінен баяндады.

«Біздің мақсатымыз – Қарағандыны Қазақстанның цифрлық хабтарының біріне айналдыру. 2025 жылдың алғашқы тоқсанында біз 30-дан астам іс-шара өткізіп, 1 700-ден астам қатысушыны қамтыдық. Акселерация мен инкубация бағдарламалары арқылы 42 стартапқа нақты қолдау көрсеттік. Бұл – үлкен жетістіктің басы ғана», – деп атап өтті Сабыр Ниязов.

Сондай-ақ, оның айтуынша, Terricon Valley 2025 жылдың соңына дейін 100-ден астам ІТ және Digital іс-шара өткізіп, 10 000-нан астам адамды қамтуда, 250-ден астам стартапты қолдауды, 100 млн теңгеден астам грант және венчурлік инвестиция тартуды, бизнес-ангелдер клубы негізінде венчурлік қор құруды жоспарлап отыр.

Айта кету керек, Terricon Valley бүгінде халықаралық деңгейде танылуға ұмтылуда. Хабтың негізгі мақсаттарының бірі – StartUpBlink жаһандық рейтингінде TOP-400 стартап-экосүйелер тізіміне ену.

Terricon Valley-ге сапар аясында Серік Өтешов өңірлік ІТ-сектор өкілдерімен және облыстық мәслихат депутаттарымен кездесті. Кездесу барысында қатысушылар Қарағандыдағы интернет инфрақұрылымын кеңейту, стартаптарға қолдау көрсету тетіктері, цифрлық құзыреттілікті арттыру, жастардың ІТ-білім алуына жағдай жасау мәселелерін талқылады.

Сенатор Terricon Valley-дің қызметіне жоғары баға беріп, оның маңыздылығын ерекше атап өтті:

– Terricon Valley – бұл тек Қарағанды облысының емес, бүкіл еліміздің цифрлық серпілісінің айғағы. Мұнда жастардың креативті идеялары нақты өнімге айналып жатыр. Мұндай орталықтар –

Мемлекет басшысының цифрландыру саясатын өңірлерде нақты іске асыруға мүмкіндік беретін күшті құрал. Біз осы тәжірибені өзге аймақтарға үлгі етуіміз қажет, – деді депутат.

Цифрлық теңсіздікті еңсерудің жолы

Облыстық цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильницкий өңірдегі цифрландыру саясаты бойынша нақты мәліметтер беріп, жүзеге асып жатқан жобалармен таныстырды.


Қазіргі қоғамда интернеттің болмауы тұрғындарды өмірлік маңызы бар қызметтерден – білім, денсаулық сақтау, жұмысқа орналасу, кәсіпкерлік пен мемлекеттік қолдау мүмкіндіктерінен шектейді. Бұл мәселе, әсіресе, ауылдық жерлерде өзекті.

«Қолжетімді интернет» ұлттық жобасының басты мақсаты – ауылдық өңірлерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету, цифрлық теңсіздікті жою және баршаға бірдей мүмкіндіктер қалыптастыру.

Облыста барлығы 342 ауылдық елдімекен бар, олардың 248-і интернетке қосылған. Қазір 144 ауылда тек сымды интернет болса, 206 ауылда мобильді интернет қолжетімді. Ал, 94 ауыл интернетке қосылмаған, оның ішінде, 20 ауыл тек 2G желісімен ғана шектелген.

Басқарма басшысы Константин Ильницкий бұл туралы кеңірек айтып берді.

– Интернетке қолжетімділік – әлеуметтік, экономикалық және мәдени даму көрсеткіші. Ауыл тұрғындарының цифрлық кеңістікке енуі олардың өмір сүру сапасына, білім алуына, жұмыспен қамтылуына және жалпы жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Біз бұл мәселелерді кешенді түрде шешуге кірістік. 2025 жылдың соңына дейін облыстағы 336 ауыл интернетпен қамтылады. Бұл – 204 мың тұрғынның өмір сапасын арттыруға мүмкіндік бе-



реді. Ал, 2027 жылға дейін тағы 97 ауылға интернет тартылып, қосымша 151 мың тұрғын цифрлық инфрақұрылымға қол жеткізеді, – деді ол.

Айта кетерлігі, мемлекет ауылдарға интернет тарту үшін байланыс операторларына субсидиялар ұсынып отыр. Бұл механизм инфрақұрылымды тартудағы экономикалық кедергілерді жеңуге көмектесуде.

Қала тұрғындары үшін 5G желісінің енгізілуі ерекше маңызға ие. Қарағанды қаласында бүгінде 52 базалық станция орнатылып, 5G желісі толық іске қосылды. Жыл соңына дейін тағы 45 станция орнату жоспарланған. Бұл қадам бизнес, білім және цифрлық

қызмет көрсету салаларында жаңа мүмкіндіктер ашады.

Халыққа қызмет көрсетудің жаңа кезеңі

Terricon Valley-ден кейін сенатор Қарағанды облысының мемлекеттік және сервис қызметтер орталығының жұмысымен танысты.

Алдымен, орталықтың ішкі құрылымына баса назар аударды. Сенаторға бірінші қабатта орналасқан диалог алаңы – облыс әкімінің азаматтарды қабылдайтын кеңістігі мен полиция департаментімен бірлескен «Отбасыға көмек көрсету орталығының» жұмысы көрсетілді. Бұл бөлімдер тұрғындармен ашық қарым-қатынас орнатуға және әлеуметтік мәсе-

лелерді жедел шешуге бағытталған.

Сонымен қатар, делегация екінші қабатта орналасқан бірқатар әлеуметтік бағыттағы бөлімдердің қызметімен танысты. Атап айтсақ, еңбек мобильділігі орталығының жұмыспен қамту саласындағы қызметтері, жастар ресурстық орталығының жас буынға арналған бастамалары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығының зейнет жасындағы азаматтарға қолдау көрсетудегі маңызы назарға ұсынылды. Бұл орталықтар тұрғындардың әртүрлі жас санатына бағытталған кешенді қызмет ұсынумен ерекшеленеді.

Арнайы халыққа қызмет көрсету орталығының жұмыс барысы да тыс қалмады. Мұнда автокөлік құралдарын тіркеу, жүргізуші куәліктерін беру сияқты қызметтер «Бір терезе» қағидатымен ұсынылады. Орталықтың заманауи жабдықталған инфрақұрылы-

тіреді. Жүргізілген мониторинг нәтижесінде облыс бойынша 100-ден астам географиялық нүктеде, оның ішінде, бірнеше ауылдық елдімекенде, тұрақты немесе толықтай ұялы байланыс жоқ.

Байланыс сапасын бақылауға қатысты негізгі проблеманың бірі – жергілікті атқарушы органдардың құқықтық және техникалық мүмкіндіктерінің шектеулілігі. Атап айтқанда, қазіргі уақытта жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдардың байланыс операторларына тікелей реттеушілік ықпал ету немесе оларды жедел шара қабылдауға міндеттеу өкілеттіктері қарастырылмаған. Бұл өз кезегінде шағымдарға уақытылы жауап беруге және анықталған кемшіліктерді жоюға кедергі келтіреді.

Аталған мәселелерді шешу мақсатында 2024 жылғы 5 шілдеде «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңына тиісті түзетулер енгізіліп, ол 2024 жылдың 14 шілдесінде күшіне енді. Бұл түзетулерге сәйкес, байланыс қызметтерінің сапасын бақылау функциялары орталық уәкілетті органнан – Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінен жергілікті атқарушы органдар деңгейіне берілді. Бұл – байланыс сапасын бақылауда маңызды қадам.

Алайда, аталған заңнамалық өзгерістерге қарамастан, қазіргі таңда жергілікті органдар байланыс операторларын әкімшілік жауапкершілікке тарту тетіктеріне ие емес. Себебі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне (ӘҚБҰК) қажетті өзгерістер енгізілген жоқ. Бұл заңнамалық олқылық жергілікті органдардың тиімді бақылау жүргізуіне кедергі болып отыр.

Осыған байланысты, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі тарапынан Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізу бастамасын көтеру – аса өзекті. Бұл шара жергілікті атқарушы органдарға нақты өкілеттіктер беріп, ұялы байланыс сапасын бақылау, жүйелі мониторинг жүргізу және байланыс операторларының міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Түйін

Қарағанды облысы бүгінгі таңда цифрлық даму мен инновациялық серпінінің нақты алаңына айналып келеді. Сенатор Серік Өтешовтің сапары – бұл үдерістердің елдік маңызына көз жеткізуге бағытталған жауапты қадам болды. Terricon Valley-де бой көтеріп келе жатқан стартаптар мен жаңа технологиялар, шалғай ауылдарға дейін жетіп жатқан интернет, мемлекеттік қызмет көрсетудің заманауи форматы – мұның барлығы қарапайым халықтың өмірін жеңілдетуге, елдің цифрлық теңдігін қалыптастыруға бағытталған нақты нәтижелер.

Бұл сапар өңірдің әлеуетін көрсетіп қана қоймай, алдағы мақсаттарға нақты бағдар сілтеді. Қарағандыда басталған өзгерістер – Қазақстанның цифрлық болашағының берік іргетасы. Ендігі міндет – осы қарқынды сақтап, басқа облыстарға үлгі боларлық жетістікті жалғастыру.

Суреттер
ұйымдастырушылардан



● 9 ШІЛДЕ – СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Тіршілік көзі: экологиялық тепе-теңдік

Су – тіршіліктің бастауы. Десек те, төнер қатер де жоқ емес. Әсіресе, көктемгі су тасқыны кезеңінде табиғаттың тосын мінезімен күресу тыңғылықты дайындық пен кәсіби үйлесімді қажет еді. Осы ретте облыстағы су қоймаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін «Қарағанды су қоймалары» КМК мамандары тасқынға қарсы кешенді шараларды іске асырып, 2025 жылғы су тасқыны маусымын сәтті өңсерді. Экологиялық жауапкершілік, заманауи технологиялар, өз ісіне адал мамандар – табиғатпен тепе-теңдікті сақтау жолындағы басты күшке айналды. Өйткені, су қоймаларының жай-күйін бақылау, алдын алу шараларын жүйелі іске асыру, экологиямен үндес өмір сүру – кәсіпорын қызметінің басты қағидаларының бірі.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кешенді жұмыс – нәтижеге кепіл

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына қарасты «Қарағанды су қоймалары» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны бүгінде облыс аумағында орналасқан 61 су шаруашылығы нысанын сенімді түрде басқарып, олардың қауіпсіз әрі тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп отыр. Бұл нысандардың ішінде 18 су қоймасы каскадтық режимде жұмыс істейді, 19-ы орманды және таулы аймақтарда орналасқан. Ал, 41 нысан елдімекендердің іргесінде немесе тікелей ішінде (100 шаршы метрден шақырымға дейінгі аралықта). Көптеген нысандар 1943 жылдан 1980 жылдар аралығында пайдалануға берілген. Яғни, олардың қызмет ету мерзімі 40 жылдан 80 жылға дейінгі уақытты қамтиды. Аудандық коммуналдық меншіктен облыстық меншікке берілетін нысандар саны жылдан-жылға артып келеді.

Қарағанды су қоймалары көктемгі тасқын кезеңіне тыңғылықты дайындық жүргізіп, 2025 жылдың көктемінде су тасқынын қауіпсіз болуын қамтамасыз етті. Бұл жұмыс тек алдын ала шаралармен шектеліп қоймай, өңірлік деңгейде әріптестік пен заманауи технологияларды енгізу арқылы жүзеге асты.

Техникалық ахуал жігі бақылауда

Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның басты міндеті – көктемгі су тасқыны кезеңінде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіз әрі тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Осы мақсатта жыл сайын су тасқыны өткеннен кейін аудандық және қалалық төтенше жағдайлар бөлімдерімен, ауылдық округтер мен аудан, қала әкімдіктерімен, сондай-ақ, Нұра-Сарысу, Балқаш-Алакөл, Ертіс бассейндік инспекцияла-

рының мамандарымен бірлесіп, комиссиялық тексерулер жүргізіледі. Бұдан бөлек, техникалық бақылау, кезеңдік тексерулер, гео-логиялық барлау, батиметриялық және топографиялық түсірілімдер, су қоймаларының түбін механикалық тазалау, су тастайтын арналарды ретке келтіру, қорғаныш үйінділерді салу және басқа да инженерлік шаралар тұрақты түрде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, аудандық меншіктен облыстық меншікке қабылданатын әрбір нысан бойынша жергілікті атқарушы органдармен кеңестік жұмыстар жүргізіледі.

2025 жылғы су тасқыны кезеңінің алдында кәсіпорын төңірегіндегі 60 су шаруашылығы нысанын кешенді тексеруден өткізді. Су деңгейін бақылау, арналарды тазарту, бөгеттердің техникалық жағдайын бағалау және қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында жоспарлы жұмыстар атқарылды.

Сала мамандары бірлесе отырып, автоматты су өткізгіштер, су ағарлар және кірме жолдарды қоқыстан тазартып, шлюз-реттегіштердің жұмыс қабілеттілігін тексерді. Бос сыйымдылықты нақтылау, су тасқыны алдындағы комиссиялық тексеру, диспетчерлік қызметтің тәулік бойы жұмыс істеуі сияқты маңызды шаралар тұрақты бақылауда болғанын атап айту керек.

Үйлестірген ұтады

Салааралық өзара іс-қимылды нығайту мақсатында «Қарағанды су қоймалары» КМК басқа өңірлердің су шаруашылығы мамандарымен тәжірибе алмасу мақсатында бірқатар кездесу өткізді. Сонымен қатар, кәсіпорын қызметкерлері республикалық деңгейде ұйымдастырылған «Көктем-2025» командалық-штабтық оқу-жаттығуларына қатысып, қырағылық танытты.

Аталған оқу-жаттығу барысында азаматтық қорғаныс жүйесінің дайындығы мен әртүрлі қызметтердің өзара іс-қимылы пысықталды. Құтқару жұмыста-



ры, қорғаныс құрылымдарын орнату, су деңгейінің көтерілуіне жедел әрекет ету секілді міндеттерді орындау тәжірибесі жинақталды.

Кәсіпорын техникалық және ұйымдастырушылық істермен ғана шектелмей, экологиялық мәдениетті насихаттау бағытында да белсенді жұмыс атқарып келеді. Атап айтсақ, «Таза Қазақстан», «Tazalike», «Таза су айындары» сияқты ауқымды экологиялық акциялары аясында кәсіпорын төңірегіндегі барлық су қоймаларының маңында сенбіліктер өткізді. Бұған Нұра-Сарысу балық инспекциясы және

жастар ұйымдары атсалысты. Бірлескен күшпен су қоймаларының жағалауы тазартылып, халық арасында табиғатты қорғау туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Қарағанды су қоймалары» КМК су қоймалары мен бөгеттердің маңында халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар алдын алу шараларын жүргізуде. Жергілікті атқарушы органдармен және төтенше жағдайлар қызметімен бірлесіп, рейдтер ұйымдастырылады. Мектеп оқушылары мен тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



«Қарағанды су қоймалары» КМК басшысы Мира Махатчина суға шомылу кезінде тұрғындардың жауапкершілік танытуын сұрайды.

– Қауіпсіздік – әр адамның басты жауапкершілігі. Біз өз тарапымыздан барлық шараны қабылдаймыз. Десе де, әр тұрғынның саналы әрекеті қауіпсіздікке кепіл, – дейді кәсіпорын басшысы.

Бүгінде 2025 жылғы көктемгі тасқын кезеңі қорытындыланып, алынған тәжірибе негізінде келесі кезеге дайындық жұмыстары басталып та кеткен. Атап айтқанда, гидротехникалық құрылыстардың негізін нығайту және тегістеу, гребеньді нығыздау, су жағындағы және құрғақ беткейлерді нығайту, опырмаларға, жарықтар мен шөкен тұстарға (соның ішінде қолмен) топырақ төсеу және нығыздау жұмыстары. Бұл жұмыстардың барлығы гидротехникалық нысандардың сенімділігі мен ұзақмерзімді қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталғанын атап айту керек.

2025 жылға арналған негізгі жұмыстардың қатарында 6 су нысанында құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп жатыр, 4 нысан бойынша жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленуде. Ал, 9 нысан техникалық тексерісте. Жыл соңына дейін тағы 3 нысанда осындай жұмыстар жоспарланған.

Технология – ілгерілеуге сен

Қазіргі заманғы технологияларды қолдану кәсіпорын жұмысын жаңа деңгейге шығарып отыр. Мәселен, су айдындарының тереңдігін, түбінің бедерін және гидрологиялық параметрлерін зерттеу үшін ұшқышсыз су үсті аппараты қолданылды. Бұл аппараттың көмегімен алынған мәліметтер шешім қабылдауда маңызды рөл атқарады. Су нысандарын басқаруды тиімді етеді.

«Қарағанды су қоймалары» КМК басшысы Мира Махатчина көктемгі тасқын маусымының қорытындысы мен болашақ жоспарларға қатысты деректермен бөлісті.

– 2025 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізіп, өз міндетімізді толық орындадық деп есептейміз. Су қоймаларының қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету – күнделікті жұмысымыздың басты мақсаты. Қызметкерлеріміздің біліктілігін арттыру, техникалық жарақтандыру, экологиялық жауапкершілік – барлығы бір арнада тоғысып, ортақ мақсатқа жетелейді. Қазірдің өзінде 2026 жылғы су тасқынына дайындықты бастадық. Өркез тұрғындардың және табиғаттың қауіпсіздігі үшін жұмыс істейміз, – деді ол.

Жалпы алғанда, «Қарағанды су қоймалары» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны атқарып жатқан ауқымды жұмыстар Қарағанды облысындағы су шаруашылығы инфрақұрылымының сенімді әрі қауіпсіз жұмыс істеуіне, су тасқынына байланысты төтенше жағдайлардың алдын алуға, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға бағытталған. Жыл сайын кеңейіп келе жатқан нысандар тізімі кәсіпорыннан жүйелі жоспарлау мен жергілікті басқару органдарымен тығыз әріптестікті талап етеді.

2025-2026 жылдарға арналған стратегиялық міндеттер аясында күрделі жөндеу, техникалық зерттеу және жобалау жұмыстары белсенді жүргізіліп, су тасқыны кезеңіне алдын ала дайындық қамтамасыз етілуде. Бұл жұмыстар кәсіпорынның жоғары кәсібилігін дәлелдей отырып, еліміздің басқа өңірлеріне үлгі болатын тиімді басқару тәжірибесі ретінде танылуда. Алдағы уақытта кәсіпорын инфрақұрылымды жаңғырту, техникалық қайта жарактандыру және су ресурстарын басқарудың тиімді, экологиялық әрі қауіпсіз жүйесін қалыптастыру бағытындағы жұмыстарын жалғастыра бермек.

Суреттер кәсіпорын мұрағатынан

● ДІН – ДІҢГЕК

Зайырлылық түсінігі және Қазақстан

Зайырлылық түсінігі кең мағынада – жеке және қоғамдық дін істері мен мемлекеттік істердің бөлінуін, сондай-ақ мемлекеттің дін мәселелерде бейтарап ұстанымын білдіретін принцип ретінде түсіндіріледі. Бұл ұғым көбінесе мемлекеттің діни сенімге емес, азаматтық және құқықтық нормаларға негізделуін сипаттайды. Зайырлылық принципі мемлекеттің барлық дін өкілдеріне тең қарауына, әрбір адамның діни нанымына құрмет көрсетуіне мүмкіндік береді және қоғамда діни бейтараптылықты сақтауды көздейді. Зайырлы мемлекетте әр адам діни сеніміне қарамастан тең құқықтарға ие болып, дін және мемлекеттің қызметтері өзара тәуелсіз түрде жүзеге асады. Зайырлылық немесе секулярлық түсінігі орта ғасырлардан бері пайда болып, XVIII-XIX ғасырда әлемдік деңгейде кеңінен таралған, саяси маңызды бар ұғымдардың біріне айналды. Латын тілінде «заман», грек тілінде «мекен» ұғымдарын білдіретін «секуляр» сөзі тарих бойынша әртүрлі мағынаға ие болып, өзгеріп отырған. Қазіргі таңдағы мағынасына қарай өзгеруі 1648 жылы батыстағы діни қаттығыстар нәтижесінде Вестфаль келісімшартынан басталғандығын айтылуда. Діни қаттығыстар барысында шіркеу тарапында болмаған адамдарға осы секуляр сөзі алғашқы рет қолдана бастады. Сондай-ақ, уақыт

өте келе шіркеу ішіндегі жұмыстан тыс, басқа да аумақта жұмыс істеу үшін де секуляр сөзі қолданылған еді. Яғни, шіркеу тысында жұмыс жасаушы дін адамдарын секуляр дін адамдары ретінде сипатталып отырды. Осы уақыттан бастап діни мекемелердегі іс пен діни емес мекемелердегі іс арасында айырмашылықты білдіретін түсінік қалыптаса бастады. Секуляр немесе зайырлылық түсініктерінің кеңінен дамуының бірнеше негізгі себептері бар. Батыс шіркеуінің діни дүниетанымы ғылымның дамуымен көптеп сығға ұшырып бастауы, зайырлылық немесе секулярлық ұғымының қалыптасуына әсер ете бастаған еді. Батыстың тарихи тәжірибесінде зайырлылық түсінігі ағартушылық қозғалыстан дамуымен қатарлас болған деп айта аламыз. Басқа бір фактор ретінде индивидуализмнің насихатталуы еді. Орта және ескі ғасырларда жеке тұлғалардың емес, бірлесіп өмір сүретін халықтан ортақ ұстанымдары мен көзқарастары арқылы негізге алынушы еді. Бір қоғамның бір ұстанымы немесе бір діні ғана болушы еді. Алайда индивидуализмнің дамуы арқылы әрбір адамның жеке ұстанымдары мен көзқарастарына ерекше көңіл бөлініп бастады. Осындай себептердің әсері де зайырлы ұстанымдардың дамуын жетілдірді.

Мемлекет пен дін арақатынасында діннің саяси алаңнан

бөлінуі әлемдік тарихтағы тәжірибенің шындығы болып отыр. Бұл үрдістің шығу себебі және дамуы қазақ халқы саяси белсенділіктерін арттырып, ұлттық мүддені қорғайтын саяси ұйымдар құра бастады. Алаш қозғалысының көпшілігі батыстық ғылым мен білімді сол замандағы көп проблемаларының шешім жолы деп білді. Сондықтан халықты ағарту, мемлекетті басқару түрін таңдау және де саяси ұстанымдардың айқындалуда прогресшіл батыстың модельдерін қолданды. Дәстүрлі құндылықтарға негізделген қоғамда өзгерістер енгізу оңайға соқпады және бұл мәселені түсініп («Мемлекеттің діні болса, ол тек – әділдік болуы керек» деп айтқаны осыдан. Мәжбүрлі түрде діни сеніміне қарай бөліп-жару немесе құқықтық үстемдік беру үрдісі, адамдарды екіжүзділікке жетелейтін негізгі себептердің бірі болып кетуі әбден мүмкін. Қазақ халқы мен тәуелсіз мемлекетінің зайырлылық тәжірибесінің өз даму жолы мен түрлену ерекшеліктері бар. Ең алғашқы дін және мемлекеттік істердің бөлінуі нәтижесінде руханият пен саясат алаңының айырылуы Алаш қозғалысымен тікелей байланысты болды. Алаш қозғалысы XX ғасырда қазақ зиялыларының арасында пайда болып, Ресей патшалығының отарлау саясатына ұлттық реакция кейінде бой көтерген еді. Алаш азаматтарының негізгі

көтерген мәселелері жер, тіл және дін мәселелері болатын. Бұл үш негізгі мәселені шешу жолында қазақ халқы саяси белсенділіктерін арттырып, ұлттық мүддені қорғайтын саяси ұйымдар құра бастады. Алаш қозғалысының көпшілігі батыстық ғылым мен білімді сол замандағы көп проблемаларының шешім жолы деп білді. Сондықтан халықты ағарту, мемлекетті басқару түрін таңдау және де саяси ұстанымдардың айқындалуда прогресшіл батыстың модельдерін қолданды. Дәстүрлі құндылықтарға негізделген қоғамда өзгерістер енгізу оңайға соқпады және бұл мәселені түсініп («Мемлекеттің діні болса, ол тек – әділдік болуы керек» деп айтқаны осыдан. Мәжбүрлі түрде діни сеніміне қарай бөліп-жару немесе құқықтық үстемдік беру үрдісі, адамдарды екіжүзділікке жетелейтін негізгі себептердің бірі болып кетуі әбден мүмкін. Қазақ халқы мен тәуелсіз мемлекетінің зайырлылық тәжірибесінің өз даму жолы мен түрлену ерекшеліктері бар. Ең алғашқы дін және мемлекеттік істердің бөлінуі нәтижесінде руханият пен саясат алаңының айырылуы Алаш қозғалысымен тікелей байланысты болды. Алаш қозғалысы XX ғасырда қазақ зиялыларының арасында пайда болып, Ресей патшалығының отарлау саясатына ұлттық реакция кейінде бой көтерген еді. Алаш азаматтарының негізгі

таныстырылып келеді. Зайырлылық немесе секулярлық жайында алғашқы ғылыми теориялар қоғамның діннен алыстауы ретінде шыққанымен, уақыт өте келе саяси бір қағидат ретінде дін мен мемлекет ісінің бір-бірінен бөлек екендігін қамтитын түсінікке айналды. Қазақстан Республикасы қазіргі таңда өзін зайырлы әрі демократиялық мемлекет ретінде анықтап отыр. Тәуелсіздік жылдары дін және діни істер бойынша нақты бір заң мен ұстанымның толық қалыптаспағанын көрсек те, уақыт өте келе заманауи зайырлылық модельдерін зерттеп, өзіне сай жолын тапты дей аламыз. Әлемде әртүрлі зайырлылық модельдері бар, олардың ерекшеліктері мен тарихы мемлекеттердің саяси, мәдени, және діни дәстүрлеріне байланысты. Француздық модель – бұл модельде зайырлылық қатан түрде жүзеге асырылады. Мемлекет пен дін толықтай бөлініп, дін тек жеке адамның ісі ретінде қарастырылады. Мемлекеттік мекемелерде діни символдар мен рәсімдерге тыйым салынған. Бұл модельді қоғамнан шеттетпейді, бірақ қоғамдық өмірде діни ықпалға жол бермейді. Мақсаты – қоғамдық кеңістіктің нейтралдығын сақтау. Америкалық модель – бұл модель жеке тұлғаның дін бостандығына басымдық береді. Мемлекет дінге араласпайды, сонымен қатар діннің мемлекет істеріне ықпал етуі-

не жол бермейді. Діни ұйымдар салық төлеуден босатылады және еркін жұмыс істей алады. Қоғамда діни плюрализм (алуандылық) кеңінен таралған. Бұл модельдің негізі – Конституциядағы шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі туралы қағидаға негізделген. Түрік моделі – бұл модельде зайырлылық мемлекеттің дінді қадағалауымен ерекшеленеді. Мемлекет діннің қоғамдық өмірге әсерін шектейді, бірақ діни мекемелерді дін істері басқармасы арқылы басқарады. Бұл жүйе халықтың діни бірлігін сақтауға бағытталған. Түрік моделі Ататүрік реформаларымен енгізіліп, зайырлы мемлекет құруды көздеді. Сонымен қатар, ислам дінінің мемлекеттік деңгейде мәдени рөлі танылған. Қазақстан өзін зайырлы мемлекет ретінде танытады. Бұл жерде мемлекет пен дін бөлінген, бірақ дәстүрлі діндердің мәдени рөлі мойындалады. Заң бойынша барлық діндер тең деп танылса да, кейбір діндердің қағидалары мемлекеттік деңгейде тыйым салынған. Мемлекет дінге араласпайды, сонымен қатар діннің мемлекет істеріне ықпал етуі-

Медет СӘДІБЕКОВ,
дінтанушы kazislam.kz

• Өңірлерді дамыту

Газ неге қымбаттады?

Энергетика министрлігінің бұйрығымен елімізде газ бағасы 33%-ға қымбаттаған. Ал, бұл шешім ел экономикасына, әсіресе, тұрғындардың әлеуметтік жағдайына байланысты қоғамда талқыланып жатқаны жасырын емес. Дегенмен, аталған өзгерістердің өзіндік негізі де бар. Осы мәселе бойынша көпшілік пікіріне құлақ асу мақсатында вице-министр Құдайберген Арымбек Қарағандыға ат басын тіреді. Орталық мемлекеттік орган өкілдерімен «Достық» үйінде бас қосып, арнайы брифинг өткізді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Энергетика министрлігінің мәлімдеуінше, баға өсімінің бірнеше басты себебі бар. Біріншіден, еліміздегі газ тұтыну көлемі өндіріс көлемінен әлдеқайда асып түскен. Соңғы жылдары газға деген сұраныс тұтынушылар тарапынан күрт көбейіпті. Ал, газ өндіріс көлемі бұл қажеттілікке толық жауап бере алмай отыр. Екіншіден, «QazaqGaz» ұлттық операторы газды өзіндік құнынан төмен бағамен сатып келеді. Бұл – компания үшін ғана емес, бүкіл газ саласы үшін тиімсіз. Қазіргі баға газды сатып алу, тасымалдау және сақтау шығындарын толықтай жаппайды. Соның салдарынан инфрақұрылымды жаңарту, техникалық жүйені жаңғырту және жаңа инвестициялар тарту ісі тежеліп

тұр. Бағаны реттеу арқылы мемлекет осы мәселелердің алдын алу-ды көздейді. Жиналған қосымша қаражат аталған саланы дамытуға, инфрақұрылымды жетілдіруге және жалпы жүйенің беріктігін қамтамасыз етуге жұмсалмақ.

– Газ бағасының көтерілуі – әсіресе, Қарағанды облысы секілді орталық өңірлер үшін өзекті мәселе. Өңірге газ батыс аймақтардан магистральдық газ желілері арқылы жеткізіледі. Бұл – ұзақ әрі күрделі процесс. Тасымалдау мен сақтау жұмыстары да қомақты шығынды қажет етеді. Облыстың газдандырылу деңгейі әзірге 3-4% шамасында ғана. Шалғай елдімекендер әлі күнге дейін көгілдір отынның игілігін толық көре алмай келеді. Газды сақтау да оңай емес. Ол арнайы жер асты қоймаларында сақтауды, үздіксіз бақылауды қажет етеді.



Қолпашы жасқан А.Костенко

Мұның бәрі ақырында газдың өзіндік құнына әсер етеді, – деді Құдайберген Берікұлы.

Вице-министр мәселенің бір ұшы халықаралық факторларға да байланысты екенін баса айтты. Газды сатып алу туралы келісім-шарттардың басым бөлігі шетел

валютасымен, яғни, доллармен бекітіледі. Бұл келісімдер жыл сайын жаңартылады. Әлемдік нарықтағы бағам ауытқулары мен логистикалық шығындар да ішкі баға саясатына тікелей ықпал ететіні белгілі. Сол себепті ішкі нарықты субсидия арқылы ұстап

Энергетикадағы ерен өзгерістер

(Соңы. Басы 1-бетте).

Энергетиктер осындай жаңғырту жұмыстары аймақ тұрғындары үшін электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттырып қана қоймай, апаттық жағдайлар санын азайтуға, техникалық шығындарды төмендетуге және энергия үнемдеу көрсеткіштерін жақсартуға игі ықпал етеді деп отыр. Айтулы ауқымды шаралар өңірдегі өмір сүру сапасын арттырып, кәсіпкерлік пен өндіріс үшін де қолайлы жағдай қалыптастырады.

Жаңа кезең жарасымы

Энергетикалық тиімділікті арттыру басты мақсат. Қарағанды облысында электр желілерін жаңғырту бойынша жасалатын жұмыстардың ауқымы кеңеймесе, кемімеді. Осы қатарда трансформаторлық қосалқы станцияларды және жаңартылған трансформаторлық қосалқы станцияларды техникалық жағынан жаңарту жұмыстары да бар. Кешенді шаралар өңірдің электрмен жабдықтау жүйесінің тиімділігін арттырып, тұрғындар мен кәсіпорындарды сенімді және тұрақты энергиямен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жұмыстар аясында ескірген нысандардағы герметикалық атқарылған жиынтық трансформаторлық қосалқы станцияларымен алмастырылмақ. Мұндай жаңғырту энергетикалық инфрақұрылымның қауіпсіздігін арттырып, электр энергиясының жоғалуын азайтуға, сондай-ақ, техникалық ақаулардың алдын алуға септігін тигізеді. Одан бөлек, күштік трансформаторлар жаңартылып, олар энергия үнемдеуге бағытталған «ТМГ» маркалы трансформаторларымен ауыстырылады. Мұндағы басты мақсат – электр энергиясының тиімділігі және қуат шығындарын азайту.

Жобаның тағы бір маңызды кезеңі – жаңа гибридіт жанама трансформаторлық қосалқы станцияны монтаждау. Қосалқы станциялар желілердің жүктемесін төмендетіп, электр қуатын таратуды жақсартады. Мұндай жаңашылдықтар электр энергиясын тұтынудың тиімділігін арттыру және мүмкін болатын апаттық жағдайларды болдырмау үшін маңызды. Қосымша тиімділік ретінде жаңғыртылған қосалқы станциялар 910 тұтынушыға қызмет көрсетеді. Нәтижесінде тұтынушылардың электр қуатына қатысты сұранысы толық қанағаттандырылады, ал, энергия шығыны мен жүйе жұмысындағы ақаулар едәуір азаяды. Жаңғырту шаралары өңірдің энергетикалық инфрақұрылымын кәзіргі заманғы стандарттарға сәйкес жаңартып, тұтынушыларына жоғары сапалы және тұрақты электрмен жабдықтау қызметін ұсынуға жол ашады.

2024-2025 жылдары Жаңа өзен кентінде энергетикалық инфрақұрылым жаңартылады.



Электр желілерін қайта салу және трансформаторлық қосалқы станцияларды жаңғырту жұмыстары жоспарланған. Кентте 2024-2025 жылдар аралығында ауқымды энергетикалық жаңғырту жұмыстарын бастайды. Жоспарланған іс-шаралар аясында электр желілерінің жаңартылуы мен трансформаторлық қосалқы станциялардың заманауи үлгілеріне ауыстырылуы көзделген. Осы шаралар кенттің энергетикалық қауіпсіздігін, электрмен жабдықтаудың сенімділігін және тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартпақ. Негізгі жаңғырту жұмыстары «Узснқа» ҚС №3 және №4 фидерлерінің 10кВ ауа желілерін қайта салумен басталады. Бұл бағытта жүзеге асырылатын шаралар ескі сымдарды ауыстыру, тозығы жеткен оқшауланбаған сымдарды заманауи оқшауланған «СИП-3» сымдарымен алмастыру амалдары шеңберінде өрбиді. Жаңғырту жобасының жалпы ұзындығы – 4,7 шақырым. Сонымен қатар, 0,4кВ кернеудегі электр желілері қайта салынып, оқшауланбаған сымдар заманауи оқшауланған «СИП-5» сымдарымен алмастырылады. Жалпы ұзындығы – 15,166 шақырым. Түп нәтижесінде, желілердің жүктемесі төмендейді. Қуатты тиімді таратуды қамтамасыз ету үшін қажетті инфрақұрылым қалыптасады. Кенттің энергетикалық жүйесін жаңартудағы маңызды қадамдардың бірі – трансформаторлық қосалқы станцияларды техникалық жағынан жаңғырту. Мәселен, ескірген қосалқы станциялар заманауи герметикалық жиынтық трансформаторлық қосалқы станцияларға ауыстырылады. Энергиялық тиімді жаңа буын ТМГ трансформаторлары орнатылады. Желілердің жүктемесін тиімді басқару жүзеге

асырылады. Аталған жаңартулар кент тұрғындарының және кәсіпорындарының үздіксіз және сапалы электрмен жабдықталуын қамтамасыз етпек.

Инфрақұрылым игілігінің ізашары

Жаңғырту жұмыстарының нәтижесінде, кент пен оның маңындағы елдімекендерде электр энергиясының сапасы, тұрақтылығы айтарлықтай жақсарды. Жоба аясында жүзеге асырылатын шаралар өңірдің энергетикалық инфрақұрылымын күшейтеді. Өндірістік және тұрмыстық тұтынушылар үшін электр қуатын үнемді әрі сенімді түрде таратуға жол ашады. Барлық тұтынушылардың электр энергиясын есепке алу аспаптары толық ауыстырылды, бұл тұтынудың нақты есебін қамтамасыз етуге және шығындардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Осы жұмыстардың бір бөлігі – 1949 жылы пайдалануға берілген 110/35/6 кВ «Қарағанды» қосалқы станциясының қайта салынуы. Жоталы жоба Қарағандының электрмен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттырып, өңірдің экономикасына қолдау көрсетуді мақсат етеді. 2023-2027 жылдар аралығында жүзеге асырылатын жобаның басты міндеті – ескі, тозығы жеткен инфрақұрылымды жаңартып, өңірдегі энергетикалық тұрақтылықты арттыру. Қосалқы станцияның барлық негізгі элементтері жаңартылу үстінде. 110 және 35 кВ ашық тарату құрылғылары толық жаңартылып, қазіргі заманғы талаптарға сай жабдықтармен ауыстырылуда. Бұл жаңартулар электр желілерінің жұмысын тұрақты әрі қауіпсіз етеді, сондай-ақ, энергия тұтынудың тиімділігін арттырады. 6 кВ жабық тарату құрылғылары

бар жаңа ғимараттары салынууда. Жаңғыртылған ғимараттар заманауи техникалық шешімдермен жабдықталып, қосалқы станцияның жұмыс тиімділігін арттырады және күту мерзімін қысқартады. Заманауи трансформаторлар орнатылуда. Бұл жаңартулар трансформаторлардың өнімділігін арттырып, электр энергиясының сапасы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Жобаның маңызына келсек, Қарағанды қаласының энергетикалық инфрақұрылымын жаңарту облыс экономикасының дамуына, өнеркәсіптің кеңеюіне және жаңа инвестициялық жобалардың іске қосылуына жол ашады. Осылайша, қайта салынған «Қарағанды» қосалқы станциясы электрмен жабдықтау сенімділігін арттырады. Қосалқы станцияның жаңартылуы электр энергиясын үздіксіз әрі қауіпсіз жеткізуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар жүйедегі ақаулар санын азайтады.

Өнеркәсіп пен инфрақұрылымды дамытуды қолдайды. Бұл жоба өңірдің өнеркәсіптік секторына, соның ішінде, жаңа өндірістер мен кәсіпорындардың ашылуына қолайлы жағдай жасайды. Сенімді энергиямен жабдықтау – инвестиция тартудың және жаңа өндірістердің пайда болуының басты шарты. Жаңа объектілерді қосуға жағдайлар жасайды. Қосалқы станцияның жаңартылуы өндірістік нысандарды электрмен жабдықтауға мүмкіндік береді, бұл - Қарағанды мен облыс экономикасына қосымша күш-қуат. Энергиямен жабдықтау сапасы мен тұрақтылығын жақсартады. Трансформаторлардың заманауи түрлері мен жаңа жабдықтар арқылы электр қуатының сапасы жақсарып, оны тұтынушыларға тұрақты әрі сенімді түрде жеткізу қамтамасыз етіледі. Қарағандының 110/35/6 кВ

тұру ұзақмерзімді шешім бола алмайтыны анық.

– Аталған өзгерістердің оң әсері де жоқ емес. Келешекте ірі өндіріс ошақтары мен коммерциялық кәсіпорындардың газ тұтыну көлемі артады деп күтілуде. Соның бірі – Qazmet алып кәсіпорыны. Ірі нысандардың газға ауысуы – жалпы жүйедегі тепе-теңдікті сақтап, тұрғындарға түсетін салмақты жеңілдетуге ықпал етуі мүмкін. Бұл қадам коммерциялық сектордың белсенді тұтынушыға айналыдыру арқылы әлеуметтік топтарды қорғауға бағытталады.

Әлеуметтік әлжуаз санаттағы тұрғындарды қолдаусыз қалдыруға жол берілмейді. «QazaqGaz Аймақ» компаниясы мұқтаж жандарға жеңілдік беру бағдарламасын ұсынууда. Бұл көмек әлеуметтік және тұрғын үй жәрдемін алушыларға арналған. Яғни, мемлекет шынайы қажеттілікке тап болған азаматтарды қолдау тетіктерін де қатар қарастырды, – деді вице-министр.

Брифингте тек баға мәселесі ғана емес, газ инфрақұрылымын дамытуға қатысты түйткілді мәселе де қозғалды. Жергілікті мәслихат депутаттары, сала мамандары және министрлік өкілдері ашық пікір алмасты.

– Брифингте қаланы газданды-

ру бойынша IV тоқсандағы қаржыландыру мәселесін көтердім. Біз, қалалық мәслихат депутаттары, төлемді шілде-тамыз айларына ауыстыруды ұсындық. Себебі, бұл төлемсіз «ГазАймақ» компаниясы техникалық шарт бермейді. Ал, мердігерлер жұмысты жалғастыра алмай отыр. Алайда, министрлік өкілдері бұл Қаржы министрлігімен қосымша пысықтауды қажет ететін күрделі мәселе екенін жеткізді. Сонымен қатар, тұрғындардың газға көшу немесе көмірмен қалу жөнінде шешім қабылдауды қажет. Соған қарамастан газдандыру жұмыстары жалғасуда. Вице-министр өңірлерге тұрақты түрде барып, осы мәселе бойынша қабылданған шешімдерді түсіндіріп жүр. Барлық мүдделі тараптар бірлесе жұмыс істеуге және шешім жолдарын іздеуге дайын, – деді Қарағанды қаласы мәслихатының депутаты Әділ Улабеков.

Сондай-ақ, депутаттар тарапынан Қарағандыда метан қорының мол екені айтылды. Ал, вице-министр мұның да қарастырылып жатқанын қадап айтты. Бүгінде қытайлық Sinopec компаниясы мен «QazaqGaz» жаңа технологияларды енгізу туралы меморандумға қол қойған. Ал, бұл газ көлемін арттыруға мүмкіндік.

«Қарағанды» қосалқы станциясын қайта салу жобасы өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып, облыс тұрғындары мен кәсіпорындарына электрмен жабдықтау сапасын арттыруға ықпал етеді. Жаңғырту жұмыстары Қарағанды қаласының дамуы мен аймақтық инфрақұрылымның болашағы үшін зор маңызға ие.

Энергетикалық қауіпсіздік іргетасы

Қарағанды облысында жаңа қосалқы станция салынууда: 110/10 кВ «Жаңа Майқұдық» қосалқы станциясы өңірдің тұрақты электрмен жабдықтауын қамтамасыз етеді. Жаңа қосалқы станцияның құрылысы аймақтағы электрмен жабдықтау мәселелерін тиімді шешуге ықпал етеді. Жобаның негізгі компоненттеріне келсек, 10 кВ жабық тарату құрылғылары орнатылды, бұл электр желілерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. 110 кВ ашық тарату құрылғылары және 35 кВ ашық тарату құрылғылары қосалқы станцияда орнатылып, қуатты тарату мен электр энергиясын басқарудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Қосалқы станцияның құрылыс жұмыстары толық аяқталуға жақын, ал, қазіргі уақытта пайдалануға беру үшін дайындық жұмыстары жүргізілуде. Нысан аймақтағы тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз етіп қана қоймай, сондай-ақ, тұрғын үй құрылысының және инфрақұрылымдық жобалардың қарқынды дамуымен байланысты сұранысты қанағаттандырмақ. Жаңа қосалқы станция салу Қарағанды облысының энергетикалық жүйесінің дамуына маңызды үлес қосады. Атап айтқанда, тұрақты электрмен жабдықтау. Қосалқы станция жаңа аудандар мен тұрғын үйлерді үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе белсенді тұрғын үй және инфрақұрылымдық құрылыс кезеңінде өте маңызды. Жаңа станция аймақтың энергетикалық инфрақұрылымын нығайтып, апаттық жағдайлар мен қуат тапшылығының алдын алады.

Қосалқы станцияның құрылыс кәсіпорындарға, жаңа өндірістер мен бизнес жобаларға қажетті қуатты қамтамасыз ете отырып, өңір экономикасының дамуына ықпал етеді. Жоба облыстың энергетикалық қауіпсіздігін арттырып, өңірдің тұрақты дамуына серпін береді.

Федоров аумағында жаңа 110/6 кВ қосалқы станциясы салынады. Қолданыстағы 110/6 кВ «Федоров» қосалқы станциясының қайта салу жұмыстары қиындықтар туындағандықтан, оның орнына жаңа қосалқы станция құрылатын болады. Жобаның жүзеге асырылуы аталған аумақ айналасындағы инфрақұрылымның тиімді дамуына және тұрғындар мен кәсіпорындарды сенімді электрмен жабдықтауға

негіз қалайды. Жоба бірнеше кезеңге бөлініп жүзеге асырылатын болады. 2024-2025 жылдар аралығында 6 кВ жабық тарату құрылғылары орнатылады. Атаулы кезеңде электр жабдықтауды қамтамасыз етуді көздейді. Жаңа қосалқы станцияның құрылуы өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар, оның даму әлеуетіне де жол ашады.

Электр желілік кешенді жаңғырту бағдарламасы сенімділікті, энергиялық тиімділікті және қауіпсіздікті арттыру бойынша негізгі міндеттерді шешуге септеседі. Тұрғындар үшін бұл жайлылықты, тоқтаусыз тұрақты электр энергиясын беру тіпті білдіреді және бизнес үшін жаңа нысандарды дамытуға, қосуға көбірек мүмкіндіктер береді.

– Электр желілерін жаңғырту жұмыстарының аймақтағы тұрғындардың өмір сапасын арттыруда үлкен рөл атқаратынын көріп отырмын. Соңғы жылдары өңірдегі электрмен жабдықтаудың сапасы айтарлықтай жақсарды. Бұрын кейде жарық өшіп, тұрақтылық мәселесі туындайтын еді, бірақ, қазіргі уақытта бұл жағдайлар айтарлықтай азайып, электр энергиясының үздіксіз жеткізілуі қамтамасыз етілуде. Қосалқы станциялардың жаңартылуы мен жаңа жобалардың іске қосылуы біздің күнделікті өмірімізге айтарлықтай оң әсер етіп жатыр. Мысалы, жаңа станцияның ашылуы Қарағанды қаласында және оның маңындағы елдімекендерде жарықтың тұрақты және сапалы болуына кепілдік береді. Біз тек тұрғындар ретінде ғана емес, сондай-ақ, кәсіпкерлер мен бизнес иелері ретінде де мұндай өзгерістердің маңыздылығын жақсы түсінеміз. Жақсартылған электрмен жабдықтау жаңа өндірістердің ашылуына, жаңа бизнес жобаларының іске қосылуына үлкен мүмкіндік береді. Сонымен қатар, экологиялық таза әрі энергия үнемдейтін технологияларды енгізу өңірдің болашағы үшін өте маңызды. Мен атаулы жаңғырту жұмыстарының облысымыздың энергетикалық қауіпсіздігін арттырып, өңіріміздің экономикалық дамуына қосымша серпін беретіндігіне сенімдімін. Жұмысшылар мен мамандардың кәсібилігі мен жауапкершілігі үшін алғыс айтамын, – дейді қала тұрғыны Қанат Ахметов.

Суреттер автордан

• МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

Тегін медициналық көмек тізімі қандай?

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап, отандық денсаулық сақтау жүйесінде жаңа нормалар күшіне енеді. Мәжіліс пен Сенат мақұлдаған тиісті заң Президенттің қол қоюына жолданды. Жаңа нормаларға сәйкес, медициналық қызмет пакеті нақты бөлінеді. Десе де, азаматтардың сақтандыру мәртебесіне қарамастан көрсетілетін тегін медициналық көмек бар. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мемлекеттік бюджет есебінен көрсетіледі. Ол ел азаматтарына, қандастар, босқындарға. Сондай-ақ, елімізде тұрақты тұратын, тұруға ықтиярхаты бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үміт арта алады. Ал, елде уақытша жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, баспана іздеушілер қоршаған орта үшін қауіпті ауруларға шалдыққан жағдайда ғана аталған тегін көмекті алуға құқылы.

Тегін көмек тізбегі:

▶ Жедел медициналық көмек

▶ Жедел жәрдем шақыру ғана емес, санитарлық авиация қызметтері

▶ Кең таралған ауруларды диагностикалау

▶ Амбулаториялық деңгейдегі мамандандырылған көмек

▶ Стационарды алмастыратын жағдайдағы мамандандырылған көмек

Информация жасаған Айбек Рахымжан

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Көпшілік «сақтандырылмаған болса, емхана қабылдамайды» деп ойлайды. Бұл – қате пікір. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми дерегіне

сәйкес, МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан көрсетілетін медициналық қызметтердің нақты тізімі бар. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне не кіреді? Әуелі, жедел медициналық көмек. Жедел жәрдем шақыру ғана емес, санитарлық авиация

қызметтері де кіреді. Бастапқы медициналық-санитариялық көмек: учаскелік дәрігерлердің (жалпы тәжірибе дәрігері, терапевт, педиатр, медбике) қабылдауы, кең таралған ауруларды диагностикалау, емдеу, басқару, мақсатты топтарды алдын ала тексеру, иммундау,

• МАМАН КЕҢЕСІ

Аптап – қауіпті

Бастан күн оту жазда жиі кездеседі. Ол күн сәулесінің бас аймағына тікелей әсер ету себебінен туындайды. Күн өткен кезде тыныс алу қиындап, дене қызуы көтеріліп, бас қатты ауырады. Сондай-ақ, кейбір жағдайда адамдар естен танып қалуы мүмкін.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

– Мұндай жағдай аптап ыстық кезінде сағат 11:00-17:00 аралығында күн астында ұзақ жүруден туындайды, – дейді №5 емхананың терапевті Светлана Борисова. – Сондықтан, жағажайда, бау-бақшада немесе жаттығу кезінде де күн өтуі мүмкін. Күннің тікелей сәулелері салдарынан бас ысып, ми бөліктері қызып кетеді. Мұның барлығы – артериалық қысымның көтерілуіне себеп. Бұл жағдай ұсақ тамырлардың үзілуіне, орталық жүйке жүйесі мен адам ағзасы үшін маңызды функциялардың бұзылуына әкеп соғуы мүмкін. Күннің ыстығы, әсіресе, жүкті әйелдер мен балаларға қатты әсер

етеді. Кішкентай балалар ересектер сияқты дене температурасын тиімді реттей алмауы мүмкін. Ондай жағдайда, дымқыл матаны денесіне жауып, маңдайы мен желкесіне дымқыл орамал қойған абзал. Салқын су беру қажет. Сондай-ақ, созылмалы аурулары бар науқастар: жүрек-қан тамырлары, тыныс алу жүйесі, қант диабетімен ауыратын жандар үшін аса қауіпті. Ыстық ауа райында ұйқы да бұзылып, адамға жайсыздық тудырып, тез шаршауына алып келуі мүмкін, – деп атап өтті дәрігер. Ыстықта ұзақ жүргенде жүрек соғуы жиілейді, қан қысымы төмендейді, тер көп бөлінеді. Сұйықтық пен тұздардың (оның ішінде, натрий мен калий) жоғалуы қанның қоюлануына және тром



Сурет ашық дереккөзінен

боз қауіпінің артуына себеп болуы мүмкін. Әсіресе, ауа ыстық және лас болса, өте қауіпті, себебі шаң мен түтін ағзаны суусыздандырады. Бұл жағдайда дұрыс алғашқы көмек көрсету маңызды. Маман күннен қорғану үшін бірнеше кеңес ұсынады. Күн ыстықта физикалық күшті

шектеген дұрыс. Бөлмені салқындату үшін кондиционерді немесе желдеткішті пайдалану, жеңіл, ашық түсті киім кию, көлеңке жерлермен жүру, суды көп ішу. Алкоголь мен кофеден аулақ болған дұрыс. Көлік ішінде балалар мен жануарларды аз уақытқа болса да, қалдырмау керек.

– Ыстық күнде рационды жеңілдеткен жөн. Маусымдық көкөністерді, жеміс-жидектерді, көк шөп пен салқын тағамдарды көбірек қосу керек. Калий мен магнийге бай өнімдер пайдалы – олар қан қысымын және бұлшықет белсенділігін қолдайды. Бұл ретте тек су ішіп қана қоймай, оны электролиттермен толықтыру маңызды. Ыстықта ағза сұйықтықты көбірек қажет етеді. Ал, тұздар жетіспесе ағза жеткілікті мөлшердегі сұйықтықты да тиімді сіңіре алмайды, – деп атап өтті терапевт.

Ірі қалаларда аптап ыстық басталғанда ауа температурасы әдеттегіден 5-7°C-қа жоғары болуы мүмкін және бұл ағзаға бірден сезіледі. Әдетте асфальт пен бетон жылуды өзіне жинақтайды. Ал жасыл желектің аз болуы мен ауаның нашар желдетілуі, көліктердің жүрісі бұл жылудың ұзақ уақыт сақталуына алып келеді. Сондықтан, ыстық ауа райының қатерін қаперге алып жүрген жөн.

• ЖОБА

Екі диплом – екі есе мүмкіндік

Қарағанды медицина университетінде жаңа жоба. Оқу орны Қазан медицина университетімен бірлесіп, «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша тың жобаны қолға алды. Білім алушылар Қарағандының да, Қазан қаласының да оқу орындарында бірдей оқи алады.

Университеттің баспасөз қызметі мәлімдегендей, бағдарламаның артықшылығы – екі елдің де дипломына ие болу, әлемнің үздік клиникаларынан тәжірибеден өту, Қазақстанда да, шет елде де жұмысқа орналасу мүмкіндігі.

Студенттер 1-3 курсты Қарағанды медицина университетінде, қалған 4-6 курстарында Қазан мемлекеттік медицина университетінде білім алатын болады. Оқуды аяқтағаннан кейін Ресейде қосымша аккредитациялаусыз жұмыс істейді немесе Қазақстанда таңдаған мамандығы бойынша резидентурда білімін жалғастырады.

Бағдарламаға қатысу үшін ресейлік түлектер кешенді тестілеуде биология, химия, орыс тілі пәндерінен 65 балл жинауы тиіс. Қазақстан түлектері Ұлттық бірінғай тестілеуден кемі 70 балл жинауы керек, әр пәннен 5 балдан кем болмауы қажет.

Дарья Жук – аталған бағдарлама бойынша құжат тапсырған алғашқы түлек.

– Менің ата-анам осы оқу орнын бітірген. Мен де осы оқу орнын таңдадым. Өзіміз Солтүстік Қазақстан облысынан келдік. ҰБТ-да 113 балл алдым. Басында стоматология мамандығына түсемін деп ойлағанмын, бірақ, жаңа бағдарламаны біліп, құжаттарымды сонда тапсырдым. Біз алғашқы толқын боламыз, – дейді ол.

Бағдарлама халықаралық медициналық ортада тиімді жұмыс істей алатын білікті мамандарды даярлауға бағытталған. Оқыту клиникалық тәжірибені, профилактикалық медицинаны, ғылыми зерттеулерді, оқытуды, денсаулық сақтау саласындағы басқаруды қамтиды.

Өз тілшімізден

• ДЕНСАУЛЫҚ

Энтеровирус елемегенді аямайды

Жазғы маусым – балалар үшін демалыс пен ойын-сауықтың уақыты. Алайда, дәл осы кезеңде энтеровирус сияқты түрлі жұқпалы аурулар да өршиді. Олар балалар арасында тез таралып, денсаулыққа айтарлықтай қауіп төндіруі мүмкін.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Энтеровирустар – асқазан-ішек жолы арқылы жұғатын вирустар тобы. Олардың ішіндегі ең танымалдарының бірі – Коксаки вирусы. Бұл вирус көбіне 1 жастан 10 жасқа дейінгі балалар арасында кездеседі. Көп жағдайда ауру жеңіл өтеді, бірақ, кейде асқынып, медициналық көмек қажет болуы мүмкін.

Педиатрлар бұл вирустардың бірнеше ортақ белгілерін атап өтеді. Дене қызуы 38-39°C дейін көтеріледі, тамақтың ауызы, жұтынудың қиындауы, ауыздың ішінде кішкентай жаралар мен күлбіреулер пайда болуы мүмкін, алақан, табан, ауыз айналасы, кейде денеге қызғылт бөртпелер

шығады. Іші өтіп, жүрек айнып, құсады. Бала әлсіз, ұйықтай береді, басы ауруы мүмкін. Бұлшық еттердің ауруы, кейде баланың жүргісі келмеуі мүмкін.

Суық тию мен менингит белгілері де байқалады. Ата-аналар осы жағдайларға назар аударуы тиіс. Кейде аталған белгілердің тек біреуі ғана болуы мүмкін. Соған қарамастан, дәрігерге жүгіну қажет. Ол баланың жағдайына байланысты медициналық кеңес береді.

Вирустардың негізгі таралу жолдары бар. Мәселен, лас қол немесе заттар арқылы (ойыншық, есік тұтқасы), жөтелгенде немесе түшкіргенде ауа арқылы, қоғамдық орындардағы суда, жағажайларда, су бұрқактарда. Сол себепті суға түскенде су жұтып қоймау керек.

Энтеровирусқа қарсы нақты вакцина немесе арнайы дәрі жоқ. Ем ауру белгілеріне байланысты берілетінін білген жөн.

Қызу болса, баланың салмағына қарай парацетамол немесе ибупрофен беру қажет, тамақ ауырса, жұмсақ, суық тағамдар жегені жөн. Балмұздақ жеуге де болады. Ол тамақтағы ауырсынуды ба

сады. Сұйықтықты көбірек берген дұрыс. Ауыздағы жараларға тиіспеген абзал, ол уақыт өте өзі кетеді.

Педиатрлар энтеровирустың 10 аптаға дейін – нәжіспен, 30 күнге дейін тыныс жолдары арқылы жұғуы мүмкін екенін ескертеді. Бұл энтеровирус түрі мен аурудың ауырлығына байланысты. Яғни, вирус ауырған адам ағзасында ұзақ сақталып, басқаларға жұғуы мүмкін.

– Вирус 10 аптаға дейін жұқпалы болуы мүмкін, сондықтан, карантин шараларының тиімділігі төмен. Британдық ұсынымдарға сәйкес, егер баланың жағдайы жақсарса, тіпті, денесінде бөртпенің іздері әлі болса да, ұжымға араластыра беруге болады. Ал, америкалық ұсынымдарға сәйкес, бала толық жазылып, бөртпе толығымен кеткенше күту ұсынылады. Қорыға айтқанда, вирустың ең жұқпалы уақыты – денеге бөртпе шығып жатқан кезі. Сондықтан, толық жазылғанша немесе жазылған соң 7 күн күткен дұрыс. Айналадағы адамдар үшін сол қауіпсіздеу, – дейді педиатр Айгерім Бауыржанқызы.

Маманның айтуынша, виру



Коллаж жасаған Айбек Рахымжан

стың алдын алудың ең тиімді жолдары – баланың қолын жиі жуғызу, бөтелкедегі немесе қайнаған су ішкізу, жеміс-жидек пен көкөністі мұқият жуып жеу.

– Дене қызуы аяқ асты көтерілді және аяғынан бастап, бөртпелер шыға бастады, – дейді қала

тұрғыны Назерке Жалелқызы. – Суық тиген бе, әлде тісі шығып жатыр ма, түсінбей қалдық. Емханада «энтеровирус» деді. Қызуы күн сайын бірнеше рет көтеріледі, дәрілермен түсіріп жүрдік. Ақыры инфекциялық ауруханаға бір апта жатып шықтық. Бөртпелері кетті,

дене қызуы басылды. Бірақ, балам әлсіреп қалды.

Аймақтың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандарының айтуынша, энтеровирус тудыратын серозды менингит күдігімен 12 жағдай тіркелген.

• КЕШ

Шынайы өнердің шуағы

Арқа төсіндегі Ақтоғай – тарих пен тағдыр тоғысқан, ақын мен абыздың ізі қалған, сайын даланың сырын бойына сіңірген қасиетті мекен. Сол киелі топырақта жырдың шамын жаққан, өлеңді өмірлік серік еткен, талантымен тұтас ұрпақтың жүрегіне жол тапқан ақын Балтабай Батталғазиннің шығармашылық кеші өтті.



Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда Қарағанды қаласында шығармашылық жолын жалғастырып жүрген Балтабай ақынды туған жұрты Ақтоғайға кіреберістегі «Домбыра» ескерткішінің түбінде ән мен жыр төгілтіп, ақынға тән айрықша ілтипатпен күтіп алды. Домбыра сазы мен жыр-шумақ араласқан сол көріністің өзі-ақ бұл кештің қарапайым шара емес, рух пен жүректің тоғысар тұсы екенін аңғартты.

Ақынмен алғашқы жүзде-су аудандық кітапханада өтті. Оқырмандармен ашық сұхбат өлеңнің өзегіне бойлаған ақын мен қауымның арасындағы жылылықты бұрынғыдан да жақындата түсті. Ақын өзіне ғана тән байсалды мінезбен әр сұраққа тереңнен толғап, жауап беріп, поэзияның ішкі әлеміне жетеледі. Кітапхана директоры Гүлжанат Шайбекова ақынға шығармашылық шабыт тілеп, ұжым атынан арнайы сый-сияпат жасады.

Түстен кейін жалғасын тапқан аудандық Мәдениет үйінде өткен әдеби кеш – шынайы өнердің шуағына айналды. Сахна төрінде өлең мен күйдің, ән мен әуеннің айшықты көрінісі өріліп, көрермен жүрегіне терең әсер сыйлады. Кеш шымылдығын түрген аудан әкімі Абылай Базылұлы өз сөзінде:

Ақтоғай ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

• БАЙҚАУ

Абай мұрасы – ұрпаққа ұран

Биыл қазақтың ғұламасы, бас ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы. Осыған орай облыстық Абай оқулары өтеді. Байқауға 14 пен 29 жас аралығындағы үміткерлер қатыса алады.

Байқау онлайн форматта ұйымдастырылады. Екі кезеңнен тұрады. Біріншісінде үміткерлер Абайдың үш өлеңіне шағын бейнебаян түсіреді. Хронометражы минуттан аспауы шарт. Ал, екіншісінде қара сөздерін оқып, мағынасын түсіндіруі тиіс. Бейнебаянның сапалы түсірілуі маңызды. Ұйымдастырушылар жасауды интеллектіні пайдалануға қатаң тыйым салынатынын айтты.

Өтінімдер мен бейнероликтер 25 шілдеге дейін қабылданады. fariza.yermek@inbox.ru электронды мекенжайына жіберіледі.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 10 тамызда Абай қаласында өтпек.

Қазылар алқасы қатысушының сауаттылығына, мәтін мәнін түсінуіне, мәнеріне, сыртқы келбетіне баға береді. Ұлттық киімді кию – негізгі шарттардың бірі.

Байқауды Абай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ұйымдастыруда. Бас жүлдеге 200 000 теңге, I орынға 150 000 теңге тағайындалған, II орын екі үміткерге (100 мың теңге), III орын үшеуіне беріледі (50 мың теңге).

Өз тілшімізден

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика + математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау», «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтау», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық крістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

№6262

• ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ

Тәуелсіздік тірегі

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда жалпы-халықтық референдумда қабылданды. Бұл – мемлекет тәуелсіздігін бекітетін, оның құқықтық және саяси-әлеуметтік жүйесін айқындайтын негізгі құжат. Конституция мемлекетімізді демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде белгілейді. Оның жоғары құндылығы – адам өмірі мен денсаулығы. Ата Заң – жоғары күшке ие.

Конституция мемлекеттік органдардың құрылымын, оның ішінде, Президенттің, Парламенттің, Үкіметтің және соттардың өкілеттіліктерін белгілейді. Сонымен қатар, мемлекет пен азаматтар арасындағы әртүрлі қатынастарды реттейді. Адамның өмір сүру құқығы, сөз бостандығы, заң алдындағы барлық азаматтардың тең дәрежедегі құқықтарын бекіту халықаралық адам құқық стандарттарына сәйкес келеді.

1995 жылдан бері Конституция бірнеше өзгерістерге ұшырады. Ол 1998, 2007, 2022 жылдары мемлекетті басқаруды жетілдіруге және демократиялық институттарды нығайтуға бағытталды. Мысалы, 2022 жылғы «Жаңа Қа-



Сурет ашық деректен

зақстан» аясындағы реформалар халықтың билікке қатысуын, әлеуметтік әділеттілікті арттырды. Бұл реформалар мемлекеттік институттардың ашықтығын, сот жүйесін цифрландыру арқылы қоғамның сенімін күшейтті. Сонымен қатар, өзгерістер экономикалық және әлеуметтік саясаттың тиімділігіне, азаматтардың әлауқатын жақсартуға ықпал етті.

Заңның 4-бабына сәйкес барлық нормативтік актілер мен заңдар Конституцияға сай болуы тиіс. Ол құқық үстемдігі, билік бөлінісі және адам құқықтары мен

бостандықтарын қорғау сияқты принциптерді бекітеді. Қазақстанды біртұтас, демократиялық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет ретінде анықтай отырып, Конституция мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін және азаматтармен қарым-қатынасты реттейді. Сонымен қатар, Конституция мемлекеттік тілдің – қазақ тілінің мәртебесін бекітіп, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтауға, дамытуға ықпал етті. Бұл мемлекеттің қоғамдық бірлігін нығайтады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекеттің

негізгі заңы ғана емес, сонымен қатар, тәуелсіздік пен демократияның символы. Конституцияға енгізілген өзгерістер құқықтық мемлекетті дамытты. Азаматтардың құқықтарын қорғауға, қоғамдық бірлікті қамтамасыз етуге септігін тигізді.

3.ЗӘРҮБЕК, Қарағанды облысының көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

• МАРАФОН

Желаяқтар жарыс жолында

Жұрт назары Қарқаралыға аумақ. Сұлу өлкеде республикалық марафон өтеді. Бұл – жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін марафон. Қатысушылар 50 шақырымды жүгіріп өтуі тиіс.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Марафон аясында Қарқаралыда танымал поп-орындаушы Жандос Қаржаубай және басқа да вокалдық ұжымдар 18 шілдеде өнер көрсетеді. Сонымен қатар, кеште отпашу мен лазерлік шоу ұйымдастырылады. Марафон өткен жылдардағыдай Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің қолдауымен аудандық әкімдіктің

ұйымдастыруымен өтеді.

Жарыс 19 және 20 шілдеде басталады. Қатысушы тау-тастың, орман ағаштарының арасында жүгіреді. Тасжолдың бойына 6 пункт қойылады. Пункттерде дәрігерлер мен құтқарушылар кезекшілік етеді. Ауыз суы да, дәретханасы да бар.

Қатысушылар қашықтықты өз қалауынша таңдай алады: 10, 21 немесе 50 шақырым. Балалар үшін 1 шақырымдық қашықтық қарастырылған. Барлық қатысушыларға марафон логотипі бар футболкалар беріледі.

Онлайн тіркелуге болады <https://buglytrail.kz/>.

Бүгінгі таңда қатысуға 250 адам өтініш берген.

Басқа қалалар мен аудандардан келген қонақтар қонақ ұй-



Сурет облыс әкімінің сайтынан

лерге орналастырылады. Палаткалармен келетіндер үшін ұлттық паркте жеке аймақ бөлінеді.

Бұл марафон алғаш рет 2023 жылы өтті. Онда қатысушылар Бұғылы тауының шыңын бағын-

дырып, Шайтанкөл көліне дейін жетуі тиіс болатын.

Былтыр марафонға 180 адам қатысыпты. Жеңіске Санкт-Петербургтен келген қатысушылар жеткен.

• ФУТБОЛ

Сырт алаңда сүрінді

Қазақстан Бірінші лига ойындарының XII туры тәмам. Өкінішке қарай, бұл кезеңде қарағандылық «Шахтер» сырт алаңда жамбылдық «Тараз» клубына 4:0 есебімен есе жіберді. Осылайша турнирлік кестеде ұпай жоғалтқан жерлестер бір саты сырғып, III орынға табан тіреді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Соңғы үш ойында тамаша өнер көрсеткен жерлестер бұл жолы сүрінді. Қарсыластар – жамбылдық клуб. Бұл клуб турнирлік кестеде XII орында тұрған команда. 12 ойында небәрі 12 ұпай ғана жинаған. 12 ойынның тек үшеуінде ғана жеңіске жетіп, үш ойынды тең аяқтаған. Десе де, клубтың қорғанысы мықты. Басты фавориттердің бірі павлодарлық «Ертіс» осы командамен кездесуінде тек бір гол ғана салған. Көш басындағы ақтаулық «Каспий» де ойынның аяқталуына 10 минут қалғанда жеңіс голын салып, 2:1 есебімен жеңіске жеткен. Жалпы, барлық кездесу қорытындысы бойынша жамбылдықтар қарсыластарынан 18 гол ғана өткізіпті. Осыдан-ақ, қарсыластың қорғанысын бағамдай берсеңіз болады.

Ойынның 30-шы минутына дейін жерлестер басымдыққа ие болды. Оң қапталдан да, сол қапталдан да кезек соққы жасады.



Дегенмен, қақпаға дарымады. Бұдан кейін шабуылды алаң иелері бастады. 30-шы минутта қарсыластар сол қапталдан шабуыл ұйымдастырып, допты оң қапталға асырды. Осы тұста қарсышы Еркебұлан Тойбеков қорғаушыны алдап өтіп, қақпаға соққы бағыттаған-тын. Алайда, соққысы қақпадан тым жоғары кетті. Ізін суытпай алаң иелері қайта бір шабуыл ұйымдастырды. Бұл жолы жартылай қорғаушы Мерей Жамбыл алдында тұрған қос қорғаушыдан айланын асырып, доппен бірге алаңның оң қапталына ойысады. Сөйтіп, допты ортаға бағыттайды. Осы тұста алаңның ортасына енген Абзал Мұқанбетжанов қорғаушыдан допка бірінші болып жетіп, басыммен қақпаға соққы жасайды. Осылайша 31-ші минутында алаң иелері есеп ашты.

Бұнымен алаң иелері болған

жоқ. 38-ші минутта дәл осындай комбинациямен шабуыл ұйымдастырып, есепті еселеді. Бұл жолы оң қапталдан қорғаушы Азамат Ерден допты алаң ортасына асырған. Осы тұста шабуылшы Абзал Мұқанбетжанов қорғаушыдан биік секіріп, допты қақпаға бағыттайды. Ал, соққыны қақпашы Игорь Шацкий қайтарып үлгермеді. Есеп – 2:0.

Бірінші таймда жерлестердің ешқандай соққысы қақпаға дарымады. Одан бөлек, ұйымдастырған шабуылы, тактикалары қарсыластар қорғанысын бұза алмады. Осылайша бас бапкердің міндетін атқарушы Александр Кузнецов алаңдағы ойыншыларды алмастырып, тактикалық тұрғыдан өзгеріс жасады. 46-шы минутта шабуылшы Максим Комиковтің орнына Арман Нүсіпті, қорғаушы Александр Мигунов-

тың орнына Шахсұлтан Зубайділданы шығарды. Ал, 70-ші минутта жартылай қорғаушы Юрий Перпұхты Ансар Алтынханмен, шабуылшы Сұлтан Шымырхан-ды Рифат Нурмугаметпен алмастырды. Қарсыластар да 46-шы минуттан алаңға тың ойыншыларын шығарып, қорғаныс шебін нығайтты. Бірақ, «Шахтер» сапынан алаңға тыннан қосылған ойыншылар есеп алшақтығын қысқарта алмады. Керісінше, алаң иелері допка барынша иелік етіп, шабуылды жийлетті.

Ойынның 77-ші минутында қарсыластар бұрыштамадан допты ойынға қосып, үшінші голын салды. Шабуылшы Мүслім Жұмат сауатты түрде бұрыштама добын орындап, алаң ортасындағы әріптесі Санжар Кемелбекке пас асырған. Ал, ол еш мүдірмей допты қақпаға бағыттап, командасын есепте алға шығарды. Алаң иелері 84-ші минутта тағы бір мәрте шабуыл ұйымдастырып, есепті 4:0-ге жеткізді. Бұл жолы Санжар Кемелбекке қақпашы Игорьдан айланын асырып, екінші голын салады. Осылайша жерлестер сырт алаңда ірі есеппен жеңілді.

XII турдың қорытындысы бойынша турнирлік кестенің басында 31 ұпаймен ақтаулық «Каспий» командасы тұр. Одан кейінгі сатыға 27 ұпаймен павлодарлық «Ертіс» командасы көтерілді. Ал, жерлестер осы ойында ұпай еншілей алмай, бір сатыға сырғыды.

Сурет клубтың баспасөз қызметінен

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жерлестер жүлделі болды

Таиланд астанасы Бангкокта шаңғы роллерлерінен Азия Кубогы өтуде. Құрлықтық біріншілікке Мексика, Оңтүстік Корея, Филиппин, Монголия, Малайзия, Таиланд және Қазақстан құрамалары қатысып, өзара мықтыны анықтауда. Аталған турнирге Қазақстан ұлттық құрамасы сапында 17 спортшы өнер көрсетуде. Олардың қатарында Қарағанды облысынан барған Евгения Вадутова мен Дилара Бейсекеева сәтті өнер көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Классикалық стильдегі 1 300 метрлік спринт жарысында Евгения Вадутова күміс медаль еншілесе, Дилара Бейсекеева қола жүлдені місе тұтты. Қос спортшы бұған дейін де ел чемпионаттарында өздерін жақсы қырынан танытқан. Республикалық біріншіліктерде бірнеше рет жеңіске жетіп, ұлттық құраманың сапына енген еді. Бұл жолы да қос спортшы байрақты бәсекеде тамаша өнер көрсетіп, жүлдесіз қайтпады.

– Қарағандылық қыздар соңғы

жылдары жақсы өнер көрсетіп келеді. Жүйелі дайындықтары өз жемісін беруде. Енді алда екі кезең күтіп тұр. Бірі – Оңтүстік Кореяда, екіншісі – Шучинск қаласында өтетін бәсеке. Бұл жарыстарда да жастарымыз жүлдеге таласатынына сенімдімін, – дейді қысқы спорт түрлерінен Олимпиадалық даярлау орталығының жастар құрамасының аға жаттықтырушысы Максим Щербаков.

Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• БОКС

Әлемдік додада дара шықты

30 маусым мен 6 шілде аралығында Астанада World Boxing ұйымының бастамасымен Әлем кубогының кезеңі өтті. Айтулы додаға 30 елден 300-ден астам таңдаулы боксшы жиналып, 10 салмақ дәрежесінде жүлделерді сарапқа салған болатын. Қазақстан құрамасы өз жерінде өткен жарыста шеберлік көрсетіп, 8 алтын, 4 күміс және 4 қола медаль жеңіп алды. Солардың қатарында жерлестеріміз Сабыржан Аққалыков Әлем кубогының чемпионы атанса, Аида Әбікеева қола жүлдеге қол жеткізді. Жарыстың соңғы күні, яғни, финалдық жекпе-жектерді көруге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы келіп, спортшыларға қолдау көрсетті. Ал, жарыс қорытындысы бойынша ұлттық құрама команда мықтылығын тағы бір мәрте дәлелдеп, жалпыкомандалық есепте I орын иеленді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Астанада өткен кезең – Әлем кубогы сериясындағы үшінші бәсеке еді. Ауқымы да, салмағы да айрықша. Өйткені, бұл – жаңа форматта алғаш рет өтіп жатқан жарыстың бөделін айқындайтын, деңгейін бағалайтын маңызды кезең еді. Бұған дейін бұл турнир Бразилия мен Польшада ұйымдастырылған.

75 келіде сынға түскен Қарағанды бокс мектебінің түлегі Сабыржан Аққалыков финалда Еуропа чемпионы болгариялық Рами Киванмен жудырықтасып, қарсыласынан айласын асырды. Жерлесіміз бірінші раундтан-ақ әлдеқайда ышарқ кимылдады. Қарсыласын соққының астына алып, мүмкіндік қалдырмады. Нәтижесінде, төрешілердің бірауыз шешімімен жерлесіміз өз салмағында үздік атанды.

Сабыржан бұл қарсыласымен Болгарияда өткен «Странджа кубогының» жартылай финалында кездескен екен. Ол кезде де Сабыржан жеңіске жетіп, келесі кезең жолдамасын иеленіпті. Енді елорда төрінде қайта жолығып, бұл жолғы қарымта кездесуді де өз пайдасына шешті.



– Бұл қарсылас – осал емес, Олимпиада ойындарының қатысушысы. Десе де, екі кездесу қорытындысы бойынша алда келе жаттырмын. Енді келесі оқу-жаттығу жиынымыз Алматыда өтеді. Одан кейін Астанада тағы бір дайындық кезеңі жоспарланған. Сосын Ливерпульге аттанамыз. Онда шамамен бір апта бойы жергілікті жағдайға бейімделу кезеңі болады. Сол дайындықтан кейін Әлем чемпионатында ел намысын қорғаймыз, – деді Сабыржан Аққалыков.

Елордада өткен байрақты бәсекеде отандастарымыз аянып қалған жоқ. Шаршы алаңда шеберлік көрсетіп, ақтық кезеңге дейін барын



салды. Нәтижесінде, ерлер құрамасынан 50 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде жудырықтасқан Санжар Тәшкенбай, 55 келіге дейінгі салмақтағы Махмұд Сабырхан, Бекзат Нұрдаулетов (85 келіге дейін), Айбек Оралбай (90 келіден жоғары) қарсылас шақ келтірмеді. Ал, әйелдер арасында 48 келіде сынға түскен Назым Қызабай, 60 келіге дейін салмақтағы Виктория Графеева мен 70 келідегі Наталья Богданова алтыннан алқа тақты.

Бұл біріншілікте көпшілік 2024 жылғы Олимпиаданың күміс жүлдегері Нұрбек Оралбайдан жеңіс күткен еді. Алайда, отандасымыз бұл жолы ашылмады. 80 келіге

дейінгі салмақта өнер көрсетіп, қарсыласынан айласын асыра алмады. Одан бөлек, ұлттық құрама сапынан 51 келіде жудырықтасқан Алуа Балқыбекова, Надежда Рябец (75 келіге дейін), Елдана Тәліпова (80 келіден жоғары) ақтық кезеңде сүрініп, күміс жүлдені місе тұтты.

Ал, 65 келі салмақ дәрежесінде шаршы алаңға көтерілген Аида Әбікееваның жартылай финалдағы жекпе-жегі тым ауыр болды. Себебі, бұл кезеңде жерлесіміз үш дүркін әлем чемпионы тұркиялық Бусеназ Сурменалинмен қолғап түйістірген еді. Өріне, жерлесіміз тәжірибелі әрі сауатты спортшы. Әр кездесуде қарсыласынан бір бас жоғары тұратын. Дегенмен, бұл жолғы қарсыласы әлдеқайда күшті болды. Үш раунд қорытындысы бойынша Аидадан әлдеқайда басым түсті. Бірақ, жерлесіміз чемпионмен жоғары дәрежеде жудырықтаса білді.

Сонымен қатар, 90 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Сағындық Тоғымбай, Ертуған Зейнуллин (65 келіге дейін), Айдана Забынбекова (57 келіге дейін) ақтық кезеңге дейін жете алмай, Әлем кубогының қола жүлдегерлері атанды.

Суреттер olympic.kz

• РЕКОРД

Құрақ көрпенің күдіреті

6 шілде қазақ халқының рухани қазынасын әлемге паш еткен айтулы күн болып, қатпарлы тарих қойнауына енді. Алматының жүрегі – әйгілі Медеу мұз айдынында ұлттық өнерге арналған ерекше мәдени оқиға өтті. «Аламан құрақ-2025» жобасы аясында құрақ көрпеден тұратын бірегей көркем композиция жасалып, әлемдік деңгейде рекорд тіркелді. Бұл – тек колөнер мерекесі емес, ата-бабадан аманат болған дәстүр мен бірлікті ұрпаққа жеткізудің жана белесі.



Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Алматының самал желіндей таза, таудың ақ қарындай нұрлы бұл күн таңмен бірге басталды. Таң шапағымен жарысып, ыңығана шалап ілген, ұлттық киім киген шеберлер Медеу мұз айдынына ағылды. Олардың әрқайсысы өз қолымен тіккен бір-бір құрақ көрпесін ала келді. Әр көрпенің көлемі – 230х90 см. Барлығы біріге келіп, мұз айдынынң 1 366,8 шаршы метр аумағын толық жауып, көз сүріндірер көркем инсталляцияны дүниеге әкелді. Түрлі түске боялған көрпелер бірінен соң бірі жайылып, қазақтың ою-өрнекпен көмкерілген бай дүниетанымын, сұлулыққа құштарлығын паш

етті. Бұл сәт – халқымыздың ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігі мен рухани биігін көрсеткен керемет көрініске айналды.

– «Аламан құрақ» – халқымыздың бірлігі мен кеңпейілділігін айғағы. Бұл жобаны үшінші жыл қатарынан ұйымдастырып келеміз. Алғашқы жылы 200 шебер, өткен жылы көшпенділер ойыны аясында 450 қатысушы болса, биыл 660 колөнер шебері қатысып, тарихи сәтке куә болды. Барлық көрпелердің өлшемі мен өрнектері біркелкі болуы үшін арнайы маталар мен сызбалар еліміздің әр өңіріне алдын ала таратылды. Қатысушылар тігін жұмыстарына алты ай уақыт жұмсады, – деді жоба жетекшісі, ұлттық өнерге жанашыр Нұрғұл Абайхан.

Бұл жобаға еліміздің түпкір-түпкірі-

нен – 17 облыс пен Алматы, Астана және Шымкент, Павлодар, Қарағанды, Балқаш қалаларынан келген шеберлер атсалысты. Балқаш қаласының сегіз шебері де шараның сәнін кіргізді. Олардың қатарында 6 жастағы Айша Сәменбет, оның анасы – жеке кәсіпкер Ұлжан Есімхан, әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Зәуре Абдильдина, Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейінің көркем өнбек пәнінің мұғалімі Айгерім Аупешова, Балқаш орталық ауруханасының медбикесі Секерхан Чалчикбаева, «Қазақмыс Смэлтинг» компаниясының қойма меңгерушісі Жанар Несіпбаева, NURASYL кәсіпорнының қойма меңгерушісі Бегайым Ақыбаева, жеке кәсіпкерлер Сандұғаш Хапбай, Гүлжанат Нышбаева бар.

Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бытыр Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында тіркелген Гиннес рекордының қатысушысы ретінде Зәуре Садуақасқызы былай деді:

«Жаһандану дәуірінде ұлттық тамырымызды ұмытпау – ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз. Құрақ көрпе – халқымыздың өмір сүру салты мен эстетикалық талғамының көрінісі. Осындай игі шаралар арқылы біз жастарға ұлттық құндылықтарды сіңіріп, тәрбиелейміз».

Айта кетейік, рекордты тіркеу әділ әрі ашық өтті. Global World Book of Records ұйымы тарапынан сегіз тіркеуші, Чехиядан келген арнайы төреші және Үндістандағы тіркеу бөлімінің хатшысы онлайн режимде бақылау жүргізді. Енді, бұл ерекше туынды алдағы он күн ішінде ресми түрде рекордтар кітабына енетін болады. Шара соңында қазақ әндері шырқалып, би ансамбльдері халқымыздың мәдени мұрасын сахна төрінде айшықтады. Ұлттық бұйымдар көрмесі мен салтанатты марапаттау рәсімі де көптің көңілінен шықты.

Сурет ұйымдастырушылардан

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Сәбиге сыйлық – домбыра

Қарағандыда дүние есігін енді ашқан сәбилерге домбыра сыйлау игі дәстүрге айналып келеді. Быыл да дәстүрден жаңылмай Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері аналар мен сәбилерді құттықтап, киелі аспапты тарту етті. Быыл бұл акция Астана күнімен тұспа-тұс келіп, қос мереке қатар тойланды.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық домбыра күні – 2018 жылдан бері шілденің алғашқы жексенбісінде аталып өтеді. Бұл күн – тек күй мерекесі ғана емес, қазақ халқының өз үнін, өз рухын қайта таныған күні. Ал, ЮНЕСКО шешімі бойынша домбыра мен күй адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы тізіміне енгізілген.

– Домбыра – бұл жай ғана музыкалық аспап емес. Қазақ мәдениетінің бір бөлігі. Дәстүрлер мен ұлттық мақтаныштың символы. Ұрпақ байланысын, халықтың бай тарихи мұрасы мен рухани сабақтастығын білдіреді. Сол себепті біз бұл тартуды жай ғана тарту деп емес, ұрпаққа бағытталған үлкен рухани

бағдар деп сыйладық, – деді Қарағанды облысы ҚХА Аналар кеңесінің төрағасы Айжан Қиясова. Бұл бастама ұлттар арасындағы ынтымақты күшейтіп, қазақтың төл құндылықтарын өскелең ұрпақ санасына ерте сіңіруге бағытталған. Ал, дәл осындай іс-шара Қарағандыда тек перзентханамен шектелмеді. Облыс бойынша түрлі мәдени шаралар, көрмелер, концерт, шеберлік сағаттары мен танымдық дәрістер өтті. Ұлттық аспаптың үні қала көшелерінде де жаңғырып, көпшілік көңілінен орын тапты.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 ● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJIBKZKX БИН 000840001412 Тарапымыз 3 498 №73 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР
--